

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

«БІЛІМ АЛУДА ЕРЕКШЕ ҚАЗЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР, МҮМКІНДІКТЕРІ  
ШЕКТЕУЛІ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ МҮГЕДЕКТІГІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ АТА-  
АНАЛАРЫН АҚПАРАТТАНДЫРУ»

Әдістемелік нұсқаулық

АЛМАТЫ 2023

УДК 376  
ББК 74.3  
Б94

Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде мақұлданып, ұсынылған (2023 жылдың 8 желтоқсандағы №40 хаттамасы).

**Құрастырушы-авторы:**

*Сейсенова А.Д.* – аға ғылыми қызметкер, филол.ғ.к., доцент, заңгер.

**Рецензенттер:**

**Бекбаева З.Н.** – педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университеті Педагогика және психология институтының Арнайы педагогика кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а;

**Тоқсанбаева К.А.** – Алматы қаласы Білім басқармасының № 7 арнайы мектеп-интернаты директоры.

«Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар, мүмкіндіктері шектеулі және/немесе мүгедектігі бар балалардың ата-аналарын ақпараттандыру» атты әдістемелік нұсқаулық/құраст.: Сейсенова А.Д. – Алматы АИБД ҰҒПО, 2023. – 71 б.

ISBN 978-601-09-2210-5

Әдістемелік нұсқаулық мақсатты топ балаларының құқықтарына қатысты халықаралық құжаттар, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері мен ресми құжаттарды зерттеп, зерделеуге арналған. Жұмыс барысында Қазақстандық заңнамада бар белгілі санаттағы балаларға қатысты қызмет түрлері туралы ақпарат қарастырылып, зерттелді. Автор ерте, мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларға түрлі ведомствалар тарапынан ұсынылатын қызметтер тізімін ұсынды.

Жұмысты жүзеге асыру барысында еліміздің арнайы білім беру ұйымдары, нақты айтатын болсақ ПМПК, ППТК және арнайы мектептердің әлеуметтік педагогтары мен мамандары арасында сауалнама өткізілді. Нәтижесінде нормативтік-құқықтық актілер және ресми құжаттар бойынша ақпараттық материалдар берілді.

Аталмыш жұмыс нәтижелерін теориялық және практикалық бағыттағы зерттеу, зерделеу, кеңес беру және қолдау көрсету жұмыстары барысында қолдануға болады.

УДК 376  
ББК 74.3

ISBN 978-601-09-2210-5

© АИБД ҰҒПО, 2023  
© Сейсенова А.Д., 2023.

## МАЗМҰНЫ

Қысқартулар мен шартты белгілер тізімі .....	4
КІРІСПЕ .....	5
I. Балаларға ұсынылатын қызметтердің нормативтік-құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етілуі .....	7
1.1. Халықаралық құжаттар негізіндегі бала құқықтары мен оларға атқарылатын қызметтер .....	7
1.2. Қазақстан Республикасының білім беру, балалардың құқықтары және мүгедектік мәселелеріне қатысты заңнамалық актілері .....	21
1.3. Ерте, мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларға түрлі ведомствалар тарапынан ұсынылатын қызметтер.....	37
II. ПМПК, ППТК және арнайы мектептердің әлеуметтік педагогтары мен мамандары арасында сауалнама нәтижелері .....	46
ҚОРЫТЫНДЫ .....	56
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ .....	57
№ 1 ҚОСЫМША .....	60
№ 2 ҚОСЫМША .....	68

### *Қысқартулар мен шартты белгілер тізімі*

ҚР – Қазақстан Республикасы;

БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы;

ПМПК – Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация;

ППТК – Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті;

МӘС – Медициналық-әлеуметтік сараптама;

АӘҚ – Арнаулы әлеуметтік қызметтер;

## *Кіріспе*

**Жұмыстың өзектілігі.** Қазіргі кезде білім алуда ерекше қажеттіліктері және мүгедектігі бар немесе мүмкіндіктері шектеулі кез келген жастағы балалардың ата-аналарын халықаралық құжаттар мен отандық нормативтік-құқықтық база негізінде заңгерлік және әлеуметтік тұрғыдан қолдау мақсатында ақпараттық материалдар барынша қажет болғандықтан кез келген мәліметтер мен мәтіндер өте құнды ресурс деп есептейміз. Осы бағыттағы ақпараттық және анықтамалық материалдар Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асырып отырған арнайы білім беру ұйымдарының басшылары, мамандары және әлеуметтік педагогтарының жұмысына өте пайдалы әрі қажет қайнаркөз болып табылады. Сол себепті Оқу-ағарту министрлігінің жанындағы Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық Орталығының Арнайы және инклюзивті білім берудің әдіснама және әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің негізінде осы әдістемелік нұсқаулық даярланды.

Жұмыстың мақсаты ретінде Қазақстан Республикасында мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар балалардың заңды өкілдерін әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан қолдау мақсатында *«Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар, мүмкіндіктері шектеулі және/немесе мүгедектігі бар балалардың ата-аналарын ақпараттандыру»* атты ата-аналарға арналған ақпараттық-анықтамалық материалдарды дайындап, басылымға ұсыну белгіленді.

Аталмыш мақсатқа сәйкес төмендегі міндеттерді алдымызға қойдық:

- Мақсатты топ балаларының құқықтарына қатысты халықаралық құжаттар, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері мен ресми құжаттарды зерттеп, зерделеу;
- Қазақстандық заңнамада белгілі бір санаттағы балаларға қатысты қарастырылған алуан қызмет түрлері туралы ақпаратты жүйелеп, ұсыну;
- Ерте, мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларға түрлі ведомствалар тарапынан ұсынылатын қызметтер тізімін қарастырып, зерттеу;
- Нормативтік-құқықтық актілер және ресми құжаттар бойынша ақпараттық материалдар дайындау;
- Еліміздің арнайы білім беру ұйымдары, нақты айтатын болсақ ПМПК, ППТК және арнайы мектептердің әлеуметтік педагогтары мен мамандары арасында сауалнама өткізу;
- Зерттелген мәселе аясында материалдарды түрлі форматта ұсыну;
- «Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар, мүмкіндіктері шектеулі және/немесе мүгедектігі бар балалардың ата-аналарын ақпараттандыру» тақырыбында пәнаралық семинар өткізу.

**Жұмыстың ғылыми жаңалығы** мынада: жоғарыда көрсетілген санаттардағы балалардың ата-аналары мен заңды өкілдерін нормативтік-құқықтық және әлеуметтік тұрғыдан қолдау бойынша ақпараттық материалдар бұған дейін дайындалмағандықтан осы мәселе біздің тарапымыздан алғаш рет зерттеліп, қарастырылуда, сол себепті жаңашыл еңбек.

**Жұмыстың теориялық маңыздылығы** төмендегідей: қол жеткен нәтижелер мен қорытындылар, онымен қоса жұмыс нәтижесінде белгілеген қызметтер тізбегі білім алуда ерекше қажеттіліктері бар, мүмкіндіктері шектеулі және/немесе мүгедектігі бар балалардың ата-аналарының әлеуетін жоғарылатып, құзыреттілігін жетілдіріп, ұсынылған ақпаратты дұрыс әрі сауатты түрде қолдану дағдыларын дамытуға өз үлесін қосады деген ойдамыз.

**Зерттеудің практикалық мәні:**

✓ Мақсатты топ балаларының құқықтарына қатысты халықаралық құжаттар, ҚР-ның нормативтік-құқықтық актілері мен ведомствалық құжаттардағы басты тұжырымдар анықталып, ақпарат жүйеленіп әрі қолданысқа ұсынылды;

✓ еліміздің аумағындағы қызметтердің тізімі ұсынылып, олардың әр ведомство тарапынан атқарылатын түрлері берілді.

**Жұмыстың мақсаты мен міндеттерін негізге ала отыра төмендегідей зерттеу әдістері** таңдалды:

- теориялық зерттеу: алуан қызмет түрлері туралы аппаратты табу және мәліметтерді жүйелеу мақсатында халықаралық құжаттар, ҚР-ның нормативтік-құқықтық актілері мен ведомствалық құжаттарды зерттеу; Қазақстандық заңнамада балаларға қатысты қарастырылған алуан қызмет түрлері туралы ақпаратты жинақтау;

- эмпирикалық зерттеу: еліміздің арнайы білім беру ұйымдары, нақты айтатын болсақ ПМПК, ППТК және арнайы мектептердің әлеуметтік педагогтары мен мамандары арасында мақсатты топ балаларының құқықтарына қатысты сауалнама өткізу;

- зерттеу нәтижелерін талдау, қорытындылар және ұсынымдарды дайындау.

**Қолдану саласы:** ата-аналар жұмыс нәтижелерін балаларының кез келген құқықтарын жүзеге асыру барысында қолдана алады; қол жеткен нәтижелерді Арнайы білім беру ұйымдарының әлеуметтік педагогтары өз қызметтерін жүзеге асыру және жоғарыда аталған санаттағы балалардың ата-аналарымен жұмыс жүргізу кезінде негізге алуы мүмкін; Арнайы және инклюзивті білім беру ұйымдарында ата-аналармен ақпараттық-анықтамалық жұмыс жүргізу барысында қолдануға болады.

## Негізгі бөлім

### I. Балаларға ұсынылатын қызметтердің нормативтік-құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етілуі

#### 1.1. Халықаралық құжаттар негізіндегі бала құқықтары мен оларға атқарылатын қызметтер

Жұмысымызды жүзеге асыру барысында мақсатты топ балаларының құқықтарына қатысты халықаралық құжаттар, ҚР-ның нормативтік-құқықтық актілері мен ресми құжаттарды зерттеп, зерделеу барысында қарастырылған мәселе аясында материалдар төмендегідей болды. Ғылыми-зерттеу және аналитикалық жұмысымызды жүзеге асыру кезінде Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) Бас Ассамблеясының резолюциясымен бекітілген, біздің мемлекет және көптеген елдердің заңнамасына негіз болып отырған төмендегі Халықаралық құжаттарды назарымызға алып, оларды жалпы, Арнайы және инклюзивті білім беру салаларының нормативтік-құқықтық базасы ретінде қарастырдық. Бұл құжаттардың барлығы БҰҰ-ның тілдерінде жазылып, ресми дереккөздерде жарияланған, қазақ тіліне орыс тілінен аударылып, ресми құжаттар мен материалдардың қатарында «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесіне енген. Олардың арасында төмендегі Халықаралық құжаттар бар:

- *Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы* (1948 жылғы желтоқсанның 10-нда қабылданған) [1];
- *Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы Конвенция* (1960 жылғы желтоқсанның 14-нде бекітілген) [2];
- *Ақыл-есі кем тұлғалардың құқықтары туралы Декларация* (1971 жылғы желтоқсанның 20-нда қабылданған) [3];
- *Мүгедектер құқықтары туралы Декларация* (1975 жылғы желтоқсанның 9-нда бекітілген) [4];
- *Бала құқықтары туралы Конвенция* (Нью-Йорк, 1989 жылғы қарашаның 20-нда қабылданған) [5];
- *Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенция* (Нью-Йорк, 2006 жылғы желтоқсанның 13-нде бекітілген) [6];
- *Балалардың өмір сүруі, қорғанысы мен дамуын қамтамасыз ету туралы дүниежүзілік Декларация* (Нью-Йорк, 1990 жылғы қыркүйектің 30-нда қабылданған) [7].

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы желтоқсанның 10-нда № 217 А (III) қабылданған «Адам құқықтарының жалпыға бірдей

**декларациясының»** Преамбуласында: «БАС АССАМБЛЕЯ Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясын бүкіл халықтар мен мемлекеттердің ұмтылыстары арқылы әр адаммен қатар, қоғамның әр органы осы декларацияны үнемі жадында тұтып, білім беру және ағарту жұмыстары арқылы осы құқықтар мен бостандықтарды қадір тұтуға ықпал жасап, ұлттық халықаралық шаралар арқылы Ұйымның мүше-мемлекеттерінің халықтарымен қоса, олардың юрисдикциясына қарасты территориялардың халықтары арасында да, жалпыға бірдей тиімді түрде танылып, жүзеге асырылуы үшін алға қойылған мақсат ретінде жария етіп отыр» делінген [1].

## **2-бап**

Әр адам, нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе басқа да наным-сенімдеріне, ұлттық, немесе әлеуметтік тегіне, мүлдіктік, тектік-топтық, немесе басқа да жағдаяттарға қарамастан осы Декларацияда жарияланған барлық құқықтар мен бостандықтарға алаланбай, бірдей тең ие болуы тиіс.

## **25-бап**

1. Әр адам өзінің және отбасы мүшелерінің денсаулығын әл-ауқатын қамтамасыз ететіндей, тамақты, киімді, баспананы, медициналық күтімді қамтитын өмір сүру деңгейіне құқылы және де жұмыссыз қалған күнде, науқас болған кезде, мүгедек болып қалған, жесір болып қалған күнде, қартайған шақта, немесе өзіне байланысты емес басқа да себептермен тіршілік ету мүмкіншілігінен айырылып қалған жағдайда қамсыздандырылуына құқылы.

2. Ана және нәресте болу жағдайы айрықша қамқорлық пен көмек алуға құқық береді. Балалардың бәрі, некелі немесе некесіз туған, бірдей әлеуметтік қорғауды пайдаланады.

## **26-бап**

1. Әр адамның білім алуға құқығы бар. Білім беру, ең болмағанда бастауыш және жалпы білім, тегін болуы тиіс. Бастауыш білім баршаға міндетті болуы тиіс. Техникалық және кәсіптік білім көпшіліктің қолы жетерліктей болуы тиіс және жоғары білім де, әркімнің қабілетіне қарай көпшіліктің қолы жетерліктей болуы тиіс.

2. Білім беру адамның жеке басының толық кемелденуіне және құқықтары мен негізгі бостандықтарына деген құрметті арттыруға бағытталуы тиіс. Білім беру барлық ұлттар, нәсілдік және діни топтары арасында түсіністік, шыдамдылық пен достық қарым-қатынас орнатуға ықпал жасап және Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшілікті қуаттау жолындағы жұмысына ықпал жасап, дем беруі тиіс.

3. Ата-аналардың өздерінің жас балаларына білім беру түрін таңдауда құқығы басымды.

Біріккен Ұлттар Ұйымының 1960 жылғы 14 желтоқсандағы **«Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы Конвенциясы»** [2].



## **1-бап**

1. Осы Конвенциядағы «кемсітушілік» сөзі нәсілі, түр-түсіне, жынысы, тілі, діні, саяси немесе өзге де нанымдары, ұлттық немесе әлеуметтік тегі, экономикалық жағдайы немесе туу белгілері бойынша кез келген айырмашылықты, жоққа шығаруды, шектеуді немесе артықшылық беруді қамтиды, оның мақсаты немесе салдары, атап айтқанда:

а) қандай да бір адам немесе адамдар тобы үшін білімнің кез келген сатысына немесе түріне қолжетімділікті жабу;

б) қандай да бір адам немесе адамдар тобы тап болатын адамның қадір-қасиетімен үйлеспейтін жағдай үшін білім алуды білім беру деңгейінің төмендігімен шектеу;

с) осы Конвенцияның 2-бабының ережесінде көзделген жағдайлардан басқа, қандай да бір адам немесе адамдар тобы үшін жеке білім беру жүйелерін немесе оқу орындарын құру немесе сақтау; немесе

д) қандай да бір адам немесе адамдар тобы тап болатын, адамның қадір-қасиетімен үйлеспейтін жағдай білім беру саласындағы қарым-қатынас теңдігін жою немесе бұзу болып табылады.

2. Осы Конвенциядағы «білім беру» сөзі білім берудің барлық түрлері мен сатыларына қатысты және білім алуға қолжетімділікті, оқыту деңгейі мен сапасын, сондай-ақ ол жүргізілетін жағдайларды қамтиды.

## **2-бап**

Мынадай ережелер, егер олар жекелеген мемлекеттерде:

а) әр түрлі жыныстағы оқушылар үшін жеке білім беру жүйелерін немесе оқу орындарын, бұл жүйелер немесе оқу орындары білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз еткен, олардың оқытушылар құрамының біліктілігі бірдей болған, оларда тең сапалы үй-жайлар мен жабдықтар болған және бірдей бағдарламалар бойынша оқудан өтуге мүмкіндік берген жағдайларда құруға немесе сақтауға;

б) діни немесе тілдік сипаттағы себептер бойынша жеке білім беру жүйелерін немесе оқушылардың ата-аналарының немесе заңды қорғаншыларының таңдауына сай білім беретін оқу орындарын, бұл жүйелерге қосылу немесе осы оқу орындарына түсу ерікті болып табылған жағдайларда және егер олар беретін білім құзыретті білім беру органдары ұйғарған немесе бекіткен, атап айтқанда, нақ сол бір сатыдағы білім беруге қатысты нормаларға сәйкес келсе, құру немесе сақтауға;

с) жеке меншік оқу орындарын, олардың мақсаты қандай да бір топты шеттету емес, олардың қызметі шын мәнінде жоғарыда көрсетілген мақсатқа жауап берген және олар беретін білім құзыретті білім беру органдары ұйғарған немесе бекіткен, атап айтқанда, нақ сол бір сатыдағы білім беруге қатысты нормаларға сәйкес келген кезде, мемлекет ұсынатын

білім беру мүмкіндіктерін толықтыру ғана болып табылатын жағдайларда, құруға немесе сақтауға жол берсе, осы Конвенцияның 1-бабы тұрғысынан кемсітушілік ретінде қарастырылмайды.

#### **4-бап**

Осы Конвенцияның тараптары болып табылатын мемлекеттер, бұдан басқа, білім беру саласындағы мүмкіндіктер мен қарым-қатынастар теңдігін жүзеге асыру үшін ұлттық жағдайлар мен салт-дәстүрлерге сәйкес келетін әдістерді пайдаланатын жалпы мемлекеттік саясатты әзірлеуге, дамытуға және жүргізуге және атап айтқанда:

a) бастауыш білім беруді міндетті және тегін етуге; орта білім беруді оның түрлі нысандарында жалпыға бірдей игілік етуге және оның жалпыға бірдей қолжетімділігін қамтамасыз етуге; жоғары білім беруді толық теңдік негізінде және әркімнің қабілеттеріне байланысты барлығына қолжетімді етуге; заңмен көзделген оқу міндеттілігінің сақталуын қамтамасыз етуге;

b) тең сатыдағы барлық мемлекеттік оқу орындарында бірдей білім беру деңгейі мен оқыту сапасына қатысты тең жағдайларды қамтамасыз етуге;

c) бастауыш білім алмаған немесе оны аяқтамаған адамдарды және әркімнің қабілеттеріне сәйкес олардың білім алуды жалғастыруын білім берудің лайықты әдістерімен көтермелеуге және дамытуға;

d) оқытушы кәсібіне даярлықты кемсітушіліксіз қамтамасыз етуге міндеттенеді [2].

1971 жылғы желтоқсанның 20-ндағы *«Ақыл-есі кем тұлғалардың құқықтары туралы»* Біріккен Ұлттар Ұйымының Декларациясы [3].

1. Ақыл-есі кем тұлғалар максималды деңгейде басқа да адамдар секілді сондай құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

2. Ақыл-есі кем тұлға тиісті түрде медициналық қызметке және ем алуға құқылы, сондай-ақ өз қабілеттері мен бар мүмкіндіктерін дамытуға мүмкіндік беретіндей білім алуға, оқуға, еңбекке жарамдылығын қалпына келтіруге және қамқорлыққа құқылы.

3. Ақыл-есі кем тұлға материалдық қамтамасыздандырылуға және қанағаттанарлықтай өмір сүру деңгейіне құқылы. Мүмкіндігі толықтай жеткенше өнімді еңбек етуге немесе қандай да бір басқа да пайдалы іспен шұғылдануға құқылы.

4. Мүмкін болған жағдайларда, ақыл-есі кем тұлға өз отбасының ортасында немесе асыраушы отбасымен бірге тұрып, қоғам өмірінің түрлі нысандарына қатысуы тиіс. Мұндай тұлғалардың отбасыларына көмек көрсетілуі тиіс. Қажет болған жағдайда мұндай адамдар арнайы мекемелерге орналастырылатын болса жаңа ортасының және өмір сүру жағдайлары әдеттегі қалыпты өмір сүру жағдайларынан ерекшелігі кем де кем болуы тиіс.

5. Ақыл-есі кем тұлғаның оның жеке басының әл-ауқатын және мүдделерін қорғау үшін қажет болған жағдайларда білікті қамқоршының қызметтерін пайдалануға құқығы бар.

7. Мүгедектілік сипаты ауыр болу салдарынан ақыл-есі кем тұлға өзінің барлық құқықтарын тиісті түрде жүзеге асыра алмаса немесе осындай құқықтардың кейбірін немесе барлығын шектеу немесе жоққа шығару қажеттілігі туындаған жағдайда, онда мұндай шектеулер немесе жоққа шығару рәсімдері мақсатында қолданылатын іс-шаралар кез-келген асыра пайдаланулардан қорғау үшін тиісті түрдегі құқықтық кепілдіктерді де қарастыруы қажет. Мұндай іс-шаралар білікті мамандардың ақыл-есі кем тұлғаның қоғамға пайдалы барлық мүмкіндіктерін бағалауына негізделіп, жоғарғы инстанцияларға белгілі бір мерзім аралығында қайта қарауға өтініш беру және апелляция беру құқығы да қарастырылуы тиіс.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының он үшінші сессиясының 1975 жылғы 9 желтоқсандағы 3447(XXX) қарары негізіндегі *«Мүгедектер құқықтары туралы Декларация»* [4].

1. «Мүгедек» ұғымы туа біткеннен немесе басқалай пайда болған тұлғаның физикалық немесе ақыл-ой кемтарлығының себебінен өздігінен толықтай немесе жартылай қалыпты жеке және/немесе әлеуметтік өмір қажеттіліктерін қамтамасыз ете алмайтын кез-келген тұлға мағынасын білдіреді.

3. Мүгедектердің өздерінің адамзатқа тән абыройын құрметтелуі болып табылатын тартып алынбайтын құқыққа ие. Мүгедектер, болмысы, зағиптылығы немесе кемтарлығының сипаты мен қиыншылығы қандай да болмасын сол жастағы басқа да азаматтар секілді дәл сондай негізгі құқықтарға ие, бұл бірінші кезекте неғұрлым қалыпты және толыққанды болатын қанағаттанарлықтай өмірге құқығына ие дегенді білдіреді.

6. Мүгедектер медициналық, психикалық немесе функционалдық емделуге, оның ішінде протездік және ортопедиялық аппараттарға, денсаулығын және қоғамдағы жағдайын қалпына келтіруге, білім алуға, кәсіптік қолөнер дайындығына және еңбекке жарамдылығын қалпына келтіруге, көмек алуға, кеңес алуға, жұмысқа орналастыру қызметтерін алуға және тағы басқа да оларға өз қабілеттері мен мүмкіндіктерін максималды түрде көрсетуге мүмкіндік беретін, олардың әлеуметтік интеграциясы немесе реинтеграциясын тездететін қызмет көрсету түрлеріне құқылы.

8. Мүгедектер экономикалық және әлеуметтік жоспарлаудың барлық кезеңінде өздерінің ерекше қажеттіліктерінің назарға алынуына құқылы.

9. Мүгедектер өз отбасыларының ортасында немесе оны алмастыратын ортада өмір сүруге және шығармашылықпен немесе бос уақытын өткізуге байланысты қоғамдық қызметтің барлық түрлеріне қатысуға құқылы. Ал тұрғылықты жеріне келер болсақ, ешбір

мүгедек денсаулық жағдайының себебінен немесе денсаулығының жақсаруына әкеліп соғу себебінен ерекше күтімді қажет етпейтін жағдайға ұшырамауы тиіс. Егер де мүгедектің арнайы мекемеде болуы қажет болса, онда сол мекемедегі орта мен өмір сүру жағдайлары соғұрлым сол жастағы басқа да азаматтардың қалыпты ортасы мен өмір сүру жағдайларына сәйкес болуы тиіс [4].

1989 жылғы қарашаның 20-нда Нью-Йорк қаласында қабылданған *«Бала құқықтары туралы Конвенция»* [5].

## **2-бап**

1. Қатысушы мемлекеттер өздерінің юрисдикциясы шектерінде тұратын әрбір баланың осы Конвенциямен көзделген, оның ата-анасының немесе қамқоршысының қандай да бір кемсітушіліксіз нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе өзге де сенім-нанымдарына, ұлттық, этникалық немесе әлеуметтік шығу тегіне, мүліктік жағдайына, баланың денсаулығының және туылуының жай-күйіне немесе өзге де жағдайларына қарамастан, барлық құқықтарын құрметтейді және қамтамасыз етеді.

## **23-бап**

1. Қатысушы мемлекеттер ақыл-есі немесе денсаулығына қатысты жарымжан бала оның қадір-қасиетін қамтамасыз етіп, өзіне деген сенімділігін арттырып және қоғамдық өмірге белсене араласуына жәрдемдесетін жағдайларда толыққанды және лайықты өмір сүруі қажет екенін мойындайды.

2. Қатысушы мемлекеттер жарымжан баланың ерекше қамқорлыққа құқылы екенін мойындап, жәрдем сұрап өтініш берген жағдайда және де, егер баланың денсаулығы мен ата-анасы немесе балаға қамқорлықты қамтамасыз ететін басқа адамдардың жағдайы өтінішке сәйкес болған күнде бала мен оның қамқоршысына ресурс мүмкіндіктеріне қарай, жәрдем беруді қолдап, қамтамасыз етеді.

3. Жарымжан баланың ерекше мұқтаждығы танылып, осы баптың 2-ші тармағына сәйкес, көмек ата-анасының немесе балаға қамқорлықты қамтамасыз ететін басқа адамдардың қаржылық ресурстары ескеріліп, мүмкін болғанынша, тегін беріледі және жарымжан баланың білім беру, кәсіби даярлық, медициналық қызмет, денсаулығын қалпына келтіру, еңбек етуге дайындау салаларындағы қызмет көрсетулерге қолы жетуін және баланы мүмкіндігінше, толық, әлеуметтік өмірге тартуға, рухани және мәдени дамуын қамти отырып, тұлғалық іріленуіне септігін тигізетіндей демалу құралдарына қолын жеткізуді мақсат етеді.

4. Қатысушы мемлекеттер халықаралық ынтымақтастық рухында профилактикалық денсаулық сақтау және медицина саласында, жарымжан балаларды психологиялық және функционалды емдеу саласына қатысты ақпараттармен алмасуға, соның ішінде, қатысушы

мемлекеттердің осы саладағы мүмкіндіктері мен білімін жақсартып, тәжірибесін кеңейту үшін реабилитация, жалпы білім беру және кәсіби даярлық тәсілдері жөніндегі ақпараттарды таратуға және оған қол жеткізуіне ықпал етеді. Осыған байланысты дамушы елдердің сұранысына ерекше көңіл аударылуға тиіс.

#### **24-бап**

1. Қатысушы мемлекеттер баланың неғұрлым жетілдірілген денсаулық сақтау жүйелері қызметімен, науқастарынан емдеу мен денсаулығын қалпына келтіру құралдарымен пайдалану құқығын мойындайды. Қатысушы мемлекеттер бірде-бір бала медицина жүйесінің мұндай қызметіне қол жеткізу құқығынан айырылып қалмауын қамтамасыз етуге ұмтылыс жасайды.

2. Қатысушы мемлекеттер осы құқықтың толық жүзеге асуына қол жеткізуге күш салады, соның ішінде:

а) нәрестелердің шетінеуі мен бала өлімінің деңгейін төмендету;

ә) алғашқы медициналық-санитарлық көмекті дамытуға баса көңіл аудара отырып, қажетті медициналық жәрдем көрсетуді және барлық балалардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету;

б) дертке және ашқұрсақтыққа қарсы күрес, соның ішінде алғашқы медициналық-санитарлық көмек шеңберінде, қоршаған ортаның ластану қаупі мен қатерін ескере отырып, оңай қол жететін технологияны пайдалану жолымен барынша құнарлы тағамдарымен және таза ас суымен қамтамасыз ету;

в) бала туғанға және босанғаннан кейінгі кезеңдерде аналардың денсаулығын сақтау жөнінде тиісті қызмет көрсету;

г) қоғамның барлық топтары, соның ішінде ата-аналар мен балалардың, баланың денсаулығы мен тамақтануы, баланы ана сүтімен емізіп асыраудың артықшылығы, баланы қоршаған ортаның гигиенасы мен тазалығы және келеңсіз оқиғалардан сақтандыру жайлы хабардар болуын, сондай-ақ білім алуға қол жеткізуін және осындай білімді пайдалануына қолдау көрсетуді қамтамасыз ету;

д) профилактикалық медициналық көмек және отбасы мөлшерін жоспарлау саласындағы ағарту жұмыстары мен қызмет көрсетулерді дамыту.

3. Қатысушы мемлекеттер баланың денсаулығына теріс ықпал ететін дәстүрлі ем тәжірибесін жою мақсатында кез келген тиімді және қажетті шараларды қабылдайды.

4. Қатысушы мемлекеттер осы бапта танылған құқықты толық жүзеге асыруға бірте-бірте қол жеткізу мақсатында халықаралық ынтымақтастықты ынталандыруға және оны дамытуға міндеттенеді.

#### **25-бап**

Қатысушы мемлекеттер құзыретті органдар күтім жасау мақсатында біреудің қамқорлығына берген баланың құқығын мойындайды, оны қорғау немесе денсаулығы немесе психикалық емдеу, балаға берілетін кезендік емдеу бағасы, басқа да балаға қамқорлық жасауға байланысты шарттар туралы құқықты мойындайды.

## **28-бап**

1. Қатысушы мемлекеттер баланың білім алу құқығын мойындап, бұл құқықты жүзеге асыруға тең мүмкіндік негізінде біртіндеп қол жеткізу мақсатында, атап айтқанда:

а) тегін және міндетті бастауыш білім беруді енгізу;

ә) жалпы білім және кәсіби біліммен қатар орта білімнің барлық түрінің дамуын ынталандырып, оған барлық балалардың қолы жетерліктей болуын қамтамасыз етеді және тегін білім беруді енгізу мен қажет болған жағдайда, қаржылай көмек көрсету сияқты қажетті шараларды қабылдайды;

б) әркімнің қабілеті негізінде барлық қажетті құралдар арқылы жоғары білімге баршаның қолы жетерліктей болуын қамтамасыз етеді;

в) білім беру және кәсіби даярлық салаларына қатысты ақпараттар мен материалдарға барлық баланың қолы жетерліктей болуын қамтамасыз етеді;

г) оқушылардың мектепке тұрақты баруы мен мектепті тастап кетуші оқушылар санын азайту жөнінде шаралар қабылдайды.

2. Қатысушы мемлекеттер мектептегі тәртіп баланың адамдық қадір-қасиетін құрметтеуге бағытталған тәсілдер арқылы және осы Конвенцияға сәйкес орнықтырылуын қамтамасыз ететін шаралардың бәрін қолданады.

3. Қатысушы мемлекеттер білімге, соның ішінде бүкіл әлемдегі надандық пен сауатсыздықты жоюға және ғылыми техникалық білімге және қазіргі заманғы оқыту тәсілдеріне қол жеткізуді жеңілдету мақсатындағы мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты қуаттайды және дамытады.

## **29-бап**

1. Қатысушы мемлекеттер білім беру баланың:

а) жеке тұлға ретінде дамуына, баланың бойындағы дарынын және ақыл-есін, дене бітімдік қабілеттерін барынша толық дамытуға;

ә) адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында жария етілген қағидаттарды құрметтеуге;

б) ата-анасын, төл мәдениетінің құндылықтарын, тілін және құндылықтарын, өзі тұрып жатқан мемлекеттің және өзі туған елінің ұлттық құндылықтарын, сондай-ақ басқа өркениеттерді құрмет тұтуға;

в) баланы еркін қоғамдағы саналы өмірге түсіністік, бейбітшілік, шыдамдылық, әйел мен ер-азаматтардың құқықтық теңдігі және барлық халықтар, этникалық, ұлттық және діни топтар арасындағы достастық, сондай-ақ жергілікті халықтың өкілдерімен достықта болу рухында дайындауға;

г) қоршаған табиғатты аялауға бағыт беруге тиіс екендігімен келіседі.

2. Осы баптың немесе 28-ші баптың ешбір бөлімі, жеке адамдар мен органдардың, осы баптың 1-ші тармағында баян етілген қағидаттар тұрақты сақталған жағдайда, білім беру орындарын құру және басқару еркіндігін шектеу және мұндай оқу орындарында білім беру талаптары мемлекет тарапынан белгіленуге тиісті ең төменгі нормалардың талаптарымен сәйкес болуын орындамау деп пайымдалуы тиіс емес [5].

2006 жылғы желтоқсанның 13-нде Нью-Йорк қаласында бекітілген *«Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенция»* [6].

#### **7-бап. Мүгедек балалар**

1. Қатысушы мемлекеттер мүгедек балалардың барлық адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын басқа балалармен тең дәрежеде толық іске асыруы үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

2. Мүгедек балаларға қатысты барлық іс-қимылдарда бірінші кезекте баланың жоғарғы мүдделеріне көңіл бөлінеді.

3. Қатысушы мемлекеттер мүгедек балалардың оларды қозғайтын барлық мәселелер бойынша өздерінің басқа балалармен тең дәрежеде олардың жастары мен кәмілеттілігіне сәйкес келетін тиісті салмаққа ие болатын көзқарастарын еркін білдіру және осы құқықты жүзеге асыруға мүгедектігі мен жасына сәйкес келетін көмекті алуға құқығы болуын қамтамасыз етеді.

#### **8-бап. Ағарту-тәрбие жұмысы**

1. Қатысушы мемлекеттер:

а) жалпы қоғамның, оның ішінде отбасы деңгейінде, мүгедектік мәселелеріндегі ағартушылықты арттыруға және мүгедектердің құқықтары мен қадір-қасиеттерін құрметтеу сезімін нығайтуға;

б) өмірдің барлық салаларында мүгедектерге қатысты, оның ішінде жыныстық тиістілігі мен жасы негізінде стереотиптерге, ырымдарға және зиянды ғұрыптарға қарсы күрес жүргізуге;

с) мүгедектердің әлеуеті мен үлесін насихаттау үшін тез арада, тиімді және тиісті шаралар қабылдауға міндеттенеді.

2. Осы мақсатта қабылданатын шаралар мыналарды:

- а) тиімді қоғамдық-ағарту науқанын өрістетуді және жүргізуді, олар мыналарға:
- I) мүгедектердің құқықтарына түсіністікпен қарауға тәрбиелеуге;
  - II) мүгедектер туралы оң түсініктерді және оларды қоғамның неғұрлым терең түсінуін көтермелеуге;
  - III) мүгедектердің дағдыларын, қадір-қасиеттерін және қабілетін, сондай-ақ олардың жұмыс орны мен еңбек нарығындағы үлесін мойындауға жәрдемдесуге арналуға тиіс;
- б) білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде, оның ішінде ерте жастан бастап барлық балаларды мүгедектер құқықтарына құрметпен қарауға тәрбиелеуді;
- с) барлық бұқаралық ақпарат органдарын мүгедектерді осы Конвенцияның мақсатына сәйкес келетіндей етіп бейнелеуге шақыруды;
- д) мүгедектер мен олардың құқықтарына арналған тәрбиелік-танымдық бағдарламаларды ілгерілетуді қамтиды.

### **19-бап. Дербес өмір сүру салты және жергілікті қоғамдастықтарға тартылу**

Осы Конвенцияға қатысушы мемлекеттер барлық мүгедектердің басқа адамдармен тең таңдау нұсқаларымен әдеттегі тұрғылықты жерлерде өмір сүруге теңдей құқықтарын мойындайды және мүгедектердің осы құқықтарды толық іске асыруына және оларды жергілікті қоғамдастыққа толықтай тартуға және кіргізуге жәрдемдесу үшін тиімді және тиісті шараларды, оның ішінде:

- а) мүгедектердің басқа адамдармен тең дәрежеде өздерінің тұрғылықты жерін, сондай-ақ қай жерде және кіммен бірге тұруды таңдау мүмкіндігінің болуын және қандай да белгілі бір тұрғын үй жағдайында тұруға міндетті болмауын;
- б) мүгедектердің үйде, тұратын жерінде көрсетілетін әртүрлі қызметтерге және жергілікті қоғамдастықтағы өмірді қолдау және оған енгізу үшін, сондай-ақ жергілікті қоғамдастықтан оқшаулануына немесе сегрециялануына жол бермеу үшін қажетті дербес көмектерді қоса алғанда, жергілікті қоғамдастық базасындағы өзге де қосалқы қызметтерге қол жеткізуін;
- с) жалпы халыққа арналған көрсетілетін қызметтер мен ұжымдық пайдалану объектілері теңдей дәрежеде мүгедектер үшін қолжетімді болуын және олардың мұқтаждықтарына жауап беруін қамтамасыз ете отырып қабылдайды.

### **21-бап. Көзқарасы мен наным-сенімін білдіру еркіндігі және ақпаратқа қол жеткізу**

Қатысушы мемлекеттер мүгедектердің көзқарасы мен наным-сенімін білдіру еркіндігіне құқығын, өз таңдауы бойынша осы Конвенцияның 2-бабында айқындалатын қарым-қатынастың барлық түрлерін пайдалана отырып, басқалармен тең дәрежеде ақпараттар мен идеяларды іздеу, алу және тарату еркіндігін қоса алғанда, пайдалана алуын қамтамасыз ету үшін мыналарды:



а) мүгедектерді көпшілікке арналған ақпаратпен қолжетімді форматтарда және мүгедектіктің түрлі нысандарының алдын алатын технологияларды пайдалана отырып, уақтылы және қосымша төлемсіз жабдықтауды;

б) ресми қатынастарда: ымдау тілін, Брайль әліпбиін, қарым-қатынастың күшейтуші және балама тәсілдерін және мүгедектердің таңдауы бойынша басқа да барлық қолжетімді қарым-қатынас тәсілдерін, әдістерін және форматтарын қабылдауды және пайдалануға жәрдемдесуді;

с) көпшілікке, оның ішінде Интернет арқылы қызметтер көрсететін жеке кәсіпорындарды мүгедектерге қолжетімді және жарамды форматтарда ақпараттар мен көрсетілетін қызметтерді ұсынуға белсенді шақыруды;

д) бұқаралық ақпарат құралдарын, оның ішінде Интернет арқылы ақпарат беретіндерін өздерінің көрсететін қызметтерін мүгедектер үшін қолжетімді өткізуге шақыруды;

е) ымдау тілін пайдалануды мойындауды және көтермелеуді қоса алғанда барлық тиісті шараларды қабылдайды.

#### **24-бап. Білім беру**

1. Қатысушы мемлекеттер мүгедектердің білім алуға құқықтарын таниды. Осы құқықтарды кемсітусіз және мүмкіндіктерінің теңдігі негізінде жүзеге асыру мақсатында қатысушы мемлекеттер барлық деңгейлерде инклюзивті білім беруді және өмір бойы оқытуды қамтамасыз етеді, бұл ретте:

а) адами әлеуетін, сондай-ақ қадір-қасиеті мен өзін-өзі құрметтеу сезімдерін толық дамытуға және адам құқықтарын, негізгі бостандықтарын және адами алуан түрлілікті құрметтеуді күшейтуге;

б) мүгедектердің жеке тұлғасын, талантын және шығармашылығын, сондай-ақ олардың ақыл-ой мен дене қабілеттерін толық көлемде дамытуға;

с) мүгедектерге еркін қоғам өміріне тиімді қатысу мүмкіндігін беруге ұмтылады.

2. Бұл құқықты жүзеге асыру кезінде мемлекеттер:

а) мүгедектердің жалпы білім беру жүйесінен, ал мүгедек балалар – тегін және міндетті бастауыш және орта білім беру жүйесінен мүгедектігі себепті шығып қалмауын;

б) мүгедектердің өздерінің тұратын жерлерінде инклюзивті, сапалы әрі тегін бастауыш және орта білім беруге басқалармен теңдей дәрежеде қол жеткізуін;

с) жеке қажеттіліктерді ескеретін ақылға қонымды құрылғымен қамтамасыз етілуін;

д) мүгедектерді тиімді оқытуды жеңілдету үшін оларды жалпы білім беру жүйесінің ішінде қажетті қолдауға ие болуын;

е) білімді игеру мен әлеуметтік дамуға барынша жағдай жасайтын ахуалда, соған сай толық қамту мақсатындағы жеке қолдауды ұйымдастыру жөніндегі тиімді шаралар қабылдануын қамтамасыз етеді.

3. Қатысушы мемлекеттер мүгедектерге олардың білім беру процесіне толық әрі теңдей және жергілікті қоғамдастық мүшелері ретінде қатысуын жеңілдету үшін өмірлік және әлеуметтендірілген дағдыларды игеру мүмкіндігін береді.

Қатысушы мемлекеттер бұл бағыттағы тиісті шараларды қабылдайды, оның ішінде:

а) Брайль әліпбиін, балама қаріптерді, қарым-қатынастың күшейтуші және балама әдістерді, тәсілдер мен форматтарды, сондай-ақ бағдарлық және ұтқырлық дағдыларын игеруге жәрдемдеседі, құрдастары тарапынан қолдау көрсетілуі мен тәлімгерлікке жағдай жасайды;

б) ымдау тілін игеру мен саңыраулардың өзіндік тілін көтермелеуге жәрдемдеседі;

с) соқыр, саңырау немесе соқыр-саңырау адамдарды, оның ішінде балаларды оқыту мүгедек үшін барынша қолайлы тілдің, қарым-қатынас әдістері мен тәсілдерінің көмегімен және білімнің игерілуі мен әлеуметтік дамуға барынша жағдай жасайтын ахуалда өтуін қамтамасыз етеді.

4. Осы құқықты қамтамасыз етуге жәрдемдесу үшін қатысушы мемлекеттер жұмысқа ымдау тілін және/немесе Брайль әліпбиін білетін мұғалімдерді, оның ішінде мүгедек мұғалімдерді тарту үшін және білім беру жүйесінің барлық деңгейінде жұмыс істейтін мамандар мен қызметкерлерді оқыту үшін тиісті шараларды қабылдайды. Мұндай оқыту мүгедектік мәселесіндегі ағартуды және қарым-қатынастың күшейтуші және балама әдістерін, тәсілдерін және форматтарын, мүгедектерге қолдау көрсетуге арналған оқу әдістемелері мен материалдарды пайдалануды қамтиды.

5. Қатысушы мемлекеттер мүгедектердің жалпы жоғарғы білім алуға, кәсіби білім алуына, ересектерге арналған білім алуына және өмір бойы оқуына кемсітусіз әрі басқалармен тең дәрежеде қол жеткізуін қамтамасыз етеді. Осы мақсатпен қатысушы мемлекеттер мүгедектердің ақылға қонымды құрылғылармен қамтылуын қамтамасыз етеді.

### **25-бап. Денсаулық**

Қатысушы мемлекеттер мүгедектердің денсаулықтың мүгедектік белгісі бойынша кемсітілусіз неғұрлым жоғары қолжетімді деңгейіне құқығының бар екенін таниды. Қатысушы мемлекеттер мүгедектердің денсаулық сақтау саласындағы гендерлік ерекшеліктерді ескеретін қызмет көрсетулерге, оның ішінде денсаулық жағдайы бойынша оңалтуға қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін барлық тиісті шараларды қабылдайды. Атап айтқанда, қатысушы мемлекеттер:

а) мүгедектерге денсаулық сақтау жөніндегі, оның ішінде сексуалдық және ұрпақты болу денсаулығы саласында және халыққа ұсынылатын мемлекеттік денсаулық сақтау бағдарламалары желісі бойынша тегін немесе қымбат емес қызмет көрсетулер мен бағдарламалардың басқа да адамдарға арналатындай жиынтығын, сапасы мен деңгейін қамтамасыз етеді;

б) денсаулық сақтау саласында мүгедектерге олардың мүгедектік себебі бойынша тікелей қажет қызметтер көрсетуді, оның ішінде ерте диагностиканы, ал қолайлы жағдайларда - мүгедектікті, оның ішінде балалар мен егде адамдар арасында барынша төмендетуге және әрі қарай пайда болуына жол бермеуге арналған түзетулер мен көрсетілетін қызметтерді ұсынады;

с) денсаулық сақтау саласындағы бұл көрсетілетін қызметтерді осы адамдардың тікелей тұратын жерлеріне жақын жерде, оның ішінде ауылдық аудандарда ұйымдастырады;

д) денсаулық сақтау мамандарының мүгедектерге, оның ішінде еркін және хабардар етілген келісу негізінде басқалардың ішінде мемлекеттік және жеке денсаулық сақтауға арналған этикалық стандарттарды оқу және қабылдау есебінен мүгедектердің адам құқықтары, қадір-қасиеті, дербестігі және мұқтаждықтары туралы хабардар болуын арттыру арқылы басқа адамдарға арналғандай сапада қызмет көрсетудің ұсынылуын талап етеді;

е) мүгедектерге қатысты медициналық сақтандыруды және өмірін сақтандыруды ұсынған кезде, егер соңғысы ұлттық құқықта рұқсат етілген болса, кемсітушілікке тыйым салады және оның әділ және жүйелі негізде берілуін қарастырады;

ф) денсаулық сақтауда немесе осы саладағы қызмет көрсетуде не болмаса тамақ немесе сұйықтар алуда мүгедектік себебі бойынша кемсітетін бас тартуға жол бермейді.

## **26-бап. Абилитация және оңалту**

1. Қатысушы мемлекеттер мүгедектерге барынша тәуелсіздікке, толық дене, ақыл-ой, әлеуметтік және кәсіптік қабілеттерге қол жеткізуге әрі оны сақтауына және өмірдің барлық аспектілеріне толық қатысуға және тартуға мүмкіндік беру үшін, оның ішінде басқа да мүгедектердің тарапынан қолдау көрсету арқылы тиімді және тиісті шараларды қабылдайды. Осы мақсатта қатысушы мемлекеттер кешенді, әсіресе денсаулық сақтау, жұмыспен қамту, білім беру және әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы абилитациялық және оңалту қызметтері мен бағдарламаларының:

а) мүмкіндігінше ерте іске асырыла бастауын және жеке адамның мұқтаждықтары мен басым тұстарын көпбейінді бағалауға негізделген болуын;

б) жергілікті қоғамдастыққа және қоғам өмірінің барлық аспектілеріне қатысуға және қамтуға ықпал етуін, бұлардың ерікті сипатта болуын және мүгедектерге олардың тікелей

тұратын жеріне мүмкіндігінше жақын жерде, оның ішінде ауылдық аудандарда қолжетімді болуын ұйымдастырады, нығайтады және кеңейтеді.

2. Қатысушы мемлекеттер абилитациялық және оңалту қызметтерін көрсету саласында жұмыс істейтін мамандар мен персоналды бастауыш және одан кейінгі оқыту ісін дамытуды ынталандырады.

3. Қатысушы мемлекеттер мүгедектерге арналған абилитация мен оңалтуға қатысты ассистивті құрылғылар мен технологиялардың болуын, оларды білуді және пайдалануды ынталандырады [6].

1990 жылғы 30 қыркүйекте Нью-Йоркте қабылданған *«Балалардың өмір сүруі, қорғанысы мен дамуын қамтамасыз ету туралы дүниежүзілік декларация»* [7].

11. Мүгедек балалар, сондай-ақ аса ауыр жағдайлардағы балаларға ерекше назар аударып, қамқорлық, қолдау көрсету керек.

20. Біз халықаралық ынтымақтастық шеңберінде, сондай-ақ жеке мемлекеттер дәрежесінде бірлесе отырып жұмыс жасауға келістік. Осымен біз мақсаты бала құқықтарын қорғау мен олардың өмірлерін жақсарту болып табылатын 10 тармақтан тұратын келесі бағдарламаға адалдығымызды білідреміз:

1) Мүмкіндігіне қарай Бала құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау мен жүзеге асырылуын жылдамдатуға тырысамыз. Әр түрлі мемлекеттердегі сан алуан мәдени және әлеуметтік құндылықтарды ескере отырып, бала құқықтары туралы ақпарат беру бойынша бағдарламаларды бүкіл әлемде өркендету.

2) Барлық мемлекеттер мен барлық ұлттар арасында балалар денсаулығын нығайту, тууға дейінгі медициналық көмекті қамтамасыз ету және нәрестелер мен балалардың өлімін азайту мақсатында ұлттық және халықаралық деңгейде табанды шаралар қолдануға тырысамыз. Біз барлық қауымдағы бар балаларды таза сумен қамтамасыз етуге, сондай-ақ жақсы тазалық жағдайларына қол жетімділікке қолдау көрсетеміз.

6) Біз сауатсыздық деңгейін төмендетін және оның шығу тегі мен жынысына байланыссыз барлық балаларға білім алуға мүмкіндік жасайтын; балаларды еңбек қызметіне дайындайтын және кәсіби дайындық сынды жолдармен өмір бойы білім алуға мүмкіндік жасайтын; және балаларға қолдауды сезіне отырып, игі мәдениет және әлеуметтік жағдайларда кәмелет жасқа жетуге мүмкіндік беретін бағдарламаларды жүзеге асыруға тырысамыз [7].

## 1.2. Қазақстан Республикасының білім беру, балалардың құқықтары және мүгедектік мәселелеріне қатысты заңнамалық актілері

Қазақстандық заңнаманың өн бойындағы балаларға қатысты алуан қызмет түрлері туралы ақпаратты жүйелеу барысында кез келген жастағы және белгілі бір санаттағы балаларға қатысты ұсынылатын қызметтер туралы төмендегідей заңнамалық құжаттар негізіндегі деректерді ұсынамыз:

**Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы,**

**Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы,**

**Еңбек,**

**Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы,**

**Әкімшілік құқық бұзушылық,**

**Әлеуметтік Кодекстері;**

**Қазақстан Республикасының Конституциясы,**

**«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы»,**

**«Білім туралы»,**

**«Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы»,**

**«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы»,**

**«Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы»,**

**«Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» ,**

**«Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы» т.б.**

**Қазақстан Республикасының Заңдары.**

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV **«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы»** Кодексі [10].

### **1-бап. Осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

1. Осы Кодексте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

12) **баланың заңды өкілдері** – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес балаға қамқорлық жасауды, білім, тәрбие беруді, оның құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын ата-аналар (ата-ана), бала асырап алушылар, қорғаншы немесе қамқоршы, баланы қабылдайтын ата-ана (баланы қабылдайтын ата-аналар), патронат тәрбиеші және оларды алмастырушы басқа да адамдар;

30-1) **өмірлік қиын жағдайда жүрген бала (балалар)** – «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген қалыптасқан мән-

жайлардың салдарынан тыныс-тіршілігі бұзылған және осы мән-жайларды өз бетінше немесе отбасының көмегімен еңсере алмайтын бала (балалар);

**70-бап. Ата-аналардың баланы тәрбиелеу және оған білім беру жөніндегі құқықтары мен міндеттері**

1. Ата-аналар өз баласының денсаулығына қамқорлық жасауға міндетті.
2. Ата-аналардың өз баласын тәрбиелеуге құқығы бар және осыған міндетті.

Ата-аналардың барлық өзге адамдар алдында баласын тәрбиелеуге басым құқығы бар.

Бала тәрбиелеуші ата-аналар оның дене бітімі, психикалық, адамгершілік жағынан және рухани дамуына қажетті өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін жауаптылықта болады.

3. Ата-аналар баласының міндетті орта білім алуын қамтамасыз етуге міндетті.

Ата-аналардың бала жалпы орта білім алғанға дейін оның пікірін ескере отырып, білім беру ұйымын және баланың оқу нысанын таңдауға құқығы бар.

4. Баланың тәрбиесі мен білім алуына қатысты барлық мәселелерді баланың мүдделерін негізге алып және оның пікірін ескере отырып, өзара келісу арқылы ата-аналар шешеді. Ата-аналардың арасында келіспеушіліктер болған кезде, бұл келіспеушіліктерді шешу үшін қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға немесе сотқа жүгінуге құқылы.

**71-бап. Ата-аналардың баланың құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі құқықтары мен міндеттері**

1. Ата-аналар өз баласының заңды өкілдері болып табылады және арнайы өкілеттіктерсіз кез келген жеке және заңды тұлғаларға қатысты, оның ішінде соттарда оның құқықтары мен мүдделерін қорғайды.

2. Егер қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган ата-аналар мен баланың мүдделері арасында қайшылықтар барын анықтаса, ата-аналар өз баласының мүдделерін білдіруге құқылы емес. Ата-аналар мен баланың арасында келіспеушіліктер болған жағдайда, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган баланың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін өкіл тағайындауға міндетті.

Егер ата-аналар балаға қатысты ата-ана құқықтарынан айрылған не олар шектелген жағдайда, баланың мүдделерін білдіруге құқылы емес.

**72-бап. Ата-ана құқықтарын баланың мүддесінде жүзеге асыру**

Ата-ана құқықтары баланың мүдделеріне қайшы жүзеге асырылмауға тиіс. Баланың мүдделерін қамтамасыз ету оның ата-аналары жасайтын негізгі қамқорлықтың нысанасы болып табылады.

Ата-ана құқықтарын жүзеге асыру кезінде ата-аналар баланың дене бітімі мен психикалық денсаулығына, оның адамгершілік жағынан дамуына зиян келтіруге құқылы емес. Баланы тәрбиелеу тәсілдері адамның қадір-қасиетін кемсітетін немқұрайлылықты, қатыгездікті, дөрекілікті, баланы қорлауды немесе қанауды болғызбауға тиіс.

#### **277-бап. Ата-аналардың және балалардың құқықтары мен міндеттері**

Ата-аналардың және балалардың құқықтары мен міндеттері, оның ішінде ата-аналардың балаларын күтіп-бағу жөніндегі міндеті аумағында олардың бірге тұратын тұрғылықты жері бар мемлекеттің заңнамасымен айқындалады. Ата-аналар мен балалардың бірге тұратын тұрғылықты жері болмаған кезде ата-аналардың және балалардың құқықтары мен міндеттері бала азаматы болып табылатын мемлекеттің заңнамасымен айқындалады. Талапкердің талап етуі бойынша алименттік міндеттемелерге және ата-аналар мен балалардың арасындағы басқа да қатынастарға аумағында бала тұрақты тұрып жатқан мемлекеттің заңнамасы қолданылуы мүмкін [10].

1995 жылы тамыздың 30-нда республикалық референдумда қабылданған *Қазақстан Республикасының Ата Заңы – Конституция* [14].

#### **14-бап**

2. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

#### **27-бап**

1. Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады.
2. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті.
3. Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті.

#### **28-бап**

1. Қазақстан Республикасының азаматы жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшерінде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі.
2. Ерікті әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша нысандарын жасау және қайырымдылық көтермеленіп отырады.

#### **29-бап**

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар.
2. Республика азаматтары заңмен белгіленген кепілді медициналық көмектің көлемін тегін алуға хақылы.

3. Мемлекеттік және жеке меншік емдеу мекемелерінде, сондай-ақ, жеке медициналық практикамен айналысушы адамдардан ақылы медициналық жәрдем алу заңда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүргізіледі.

### **30-бап**

1. Азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті.

2. Азаматтың мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар.

3. Жеке меншік оқу орындарында ақылы білім алу заңмен белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

4. Мемлекет білім берудің жалпыға міндетті стандарттарын белгілейді. Кез келген оқу орнының қызметі осы стандарттарға сай келуі керек [14].

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі *«Білім туралы»* № 319 Заңы [15].

## **1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

7-4) *білім алу үшін арнаулы жағдайлар* – ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың), сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың оларсыз білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, оқу, сондай-ақ арнаулы, жеке дамыту мен түзеу-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар;

19-2) *ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар)* – тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар);

19-3) *ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау* – білім алу үшін қажетті арнаулы жағдайларды айқындау;

21-1) *жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативі* – білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік кепілдендірілген оқыту құнының қаржылық қамсыздандырылу нормативі;

21-7) *инклюзивті білім беру* – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс;



29) *кәсіптік бағдар* – білім алушының кәсіптік қызығушылықтарына, жеке қабілеттері мен психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және кәсіптік мүмкіндіктер саласында, мамандық пен оқитын орнын еркін және саналы таңдау құқықтарын іске асыруына ақпараттар мен консультациялық көмек беру;

45-3) *мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдау* – қызметтің қандай да бір түрін орындау қабілеттерін қалпына келтіруге немесе оның орнын толтыруға бағытталған көрсетілетін қызметтер мен іс-шаралар кешені;

49-5) *өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталықтары* – тұрақты немесе уақытша (күндіз) болуды ұсына отырып, сондай-ақ қызметі өмірлік қиын жағдайдың алдын алу жөніндегі шараларды жүзеге асырумен байланысты заңды тұлғаларға ақпараттық, консультациялық, делдалдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну жолымен арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін, білім беру органдарының қарамағындағы ұйымдар;

50-3) *психологиялық-педагогикалық қолдап отыру* – білім беру ұйымдарында іске асырылатын, процесінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) ойдағыдай оқыту және дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі-ұйымдастырылған қызмет.

## **6-бап. Білім беру саласындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыреті**

1. Жергілікті өкілді органдар:

3) ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) оқытуды, олардың білім беру ұйымдарында білім алуы үшін арнаулы жағдайлар жасауды, әмбебап дизайн және (немесе) ақылға қонымды ыңғайлылық қағидаттарын ескере отырып, мемлекеттік құрылыс нормалары мен стандарттарына сәйкес білім беру ұйымдарының ғимараттарына, құрылысжайлары мен үй-жайларына қолжетімділікті қамтамасыз етеді;

3. Республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы:

13) ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) оқытуды, олардың білім беру ұйымдарында білім алуы үшін арнаулы жағдайлар жасауды, әмбебап дизайн және (немесе) ақылға қонымды ыңғайлылық қағидаттарын ескере отырып, мемлекеттік құрылыс нормалары мен стандарттарына сәйкес білім беру ұйымдарының ғимараттарына, құрылысжайлары мен үй-жайларына қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

## **19-бап. Арнайы оқу бағдарламалары**

1. Арнайы оқу бағдарламалары мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары және техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары негізінде әзірленеді және мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуға және дамытуға бағытталады, білім алушылар мен

тәрбиеленушілердің психологиялық-медициналық-педагогтік консультациялар ұсынымдары ескеріле отырып айқындалатын психикалық-физикалық ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін ескереді.

3. Арнайы оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген арнаулы білім беру ұйымдарында, мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептерде, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында немесе үйде іске асырылады.

## **5-тарау. БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

### **26-бап. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді білім беру ұйымдарына қабылдауға қойылатын жалпы талаптар**

8. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде:

1) I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек-балалар арасынан шыққан азаматтар үшін;

9) бала кезінен мүгедек балаларды, I, II топтағы мүгедектерді тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар үшін қабылдау квотасы көзделеді.

### **31-бап. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру**

1. 1-сыныпқа оқуға балалар алты жастан қабылданады.

Мүмкіндігі шектеулі балалар орта білім алу үшін алты-он жастан білім беру ұйымдарына қабылдана алады. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау ескеріле отырып жүзеге асырылады. Бұл ретте білім беру бағдарламаларына сәйкес бастауыш және негізгі орта білім алудың ұзақтығы он жылдан кем болмауға тиіс.

### **43-бап. Білім беру ұйымдарының құзыреті**

6-2. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар психологиялық-медициналық-педагогикалық зерттеп-қарау және консультация беру бағдарламаларын іске асырады.

6-3. Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері мен оңалту орталықтары түзеу-дамыту бағдарламаларын әзірлейді және іске асырады.

### **47-бап. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі**

3. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің:

7) білім беру ұйымдарында, оның ішінде мүгедектер, мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін қолжетімді нысанда ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-

әдістемелік кешендермен, оның ішінде мүгедектер, мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін дайындалған оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуге;

12) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға құқығы бар.

7. Көзі көрмейтін мүгедектердің және құлағы естімейтін мүгедектердің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және қорғаншылыққа (қамқорлыққа) алынған балалардың, сондай-ақ кезекті аралық аттестаттаудың нәтижелері бойынша «үздік» деген бағаға ғана оқитын студенттер мен магистранттардың мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын жоғары мемлекеттік стипендия алуға құқығы бар.

#### **49-бап. Ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен міндеттері**

1. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің:

1) баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып білім беру ұйымын таңдауға;

3) білім беру ұйымдарынан өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;

4) өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардан консультациялық көмек алуға құқығы бар [15].

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы тамыздың 8-ндегі *«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы»* атты № 345 Заңы [16].

#### **1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

12) *мүгедек бала* – тіршілік етуінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден организмнің функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығына зақым келген он сегіз жасқа дейінгі адам;

14) *өмірлік қиын жағдайда жүрген балалар* – қалыптасқан мән-жайлардың салдарынан тыныс-тіршілігі бұзылған және осы мән-жайларды өз бетінше немесе отбасының көмегімен еңсере алмайтын балалар; арнаулы білім беру ұйымдарындағы, ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарындағы балалар;

#### **15-бап. Баланың білім алуға құқығы**

1. Әрбір баланың білім алуға құқығы бар және Қазақстан Республикасының білім туралы заңдарына сәйкес оған тегін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім және конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім алуға кепілдік беріледі.

2. Тегін жалпы орта білім немесе техникалық және кәсіптік білім алғанға дейін баланы мемлекеттік білім беру мекемесінен шығару, шығарудың жалпы тәртібін сақтаумен қатар тек қорғаншы және қамқоршы органдарды хабардар ете отырып қана жүргізілуі мүмкін.

3. Арнаулы педагогикалық тәрбиені қажет ететін кемтар балаларға мемлекеттік бюджеттен белгіленген стандарттар деңгейінде олардың білім алуына кепілдік беретін қосымша қаражат береді.

4. Мемлекет балалардың білім алу кезеңінде әлеуметтік қорғауды қажет ететіндерінің күтіп-бағу шығынын толық немесе ішінара көтереді. Олардың білім алу кезеңінде әлеуметтік көмектің мөлшерлері мен көздерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

## **6-тарау. МҮГЕДЕК БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ**

### **31-бап. Мүгедек баланың толымды өмірге құқықтары**

1. Мүгедек баланың қоғам өміріне белсене араласуына ықпал ететін өз қадір-қасиетін қамтамасыз ету жағдайындағы толымды өмірге дені сау балалармен бірдей құқығы бар.

2. Мүгедек бала өзінің дене бітіміне, ақыл-ес қабілетіне және тілегіне сай білім алуға, қызмет түрі мен кәсіпті таңдауға, шығармашылық және қоғамдық қызметтерге қатысуға құқылы.

3. Ақыл-есінің немесе дене бітімінің дамуында кемістігі бар балаларды қоса алғанда, мүгедек балалар мамандандырылған балалар ұйымдарында медициналық-әлеуметтік көмек алуға құқылы.

### **32-бап. Мүгедек баланы жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік кепілдіктер**

1. Мемлекеттік органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүгедек баланың денсаулық жағдайын, қажеттері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оны оқыту, кәсіптік даярлау, лайықты жұмыс тауып беру және жұмысқа орналастыру үшін қажетті жағдайлар жасауға міндетті.

2. Мүгедек балалардың жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету, оларды кәсіби даярлау мен қайта даярлауды ұйымдастыру жөніндегі қызметті жеке жүзеге асыратын және заңды тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен жеңілдіктер белгіленуі мүмкін.

### **33-бап. Мүгедек балаларға мемлекеттік көмек**

1. Мемлекет мүгедек балаларды қолдауға бағытталған медициналық, құқықтық, әлеуметтік-экономикалық шаралар кешенін жүзеге асырады.

2. Мүгедек балаларға көрсетілетін мемлекеттік көмек Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

3. Мүгедек балаларды тәрбиелеуші және оларды күтіп-бағуды жүзеге асырушы ата-аналардың және басқа да заңды өкілдердің мемлекеттік көмек алуға құқығы бар [16].

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы шілденің 11-ндегі «*Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы*» атты № 343 Заңы Заңы [17].

### **1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар**

Осы Заңда мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) *білім алу үшін арнаулы жағдайлар* – мүмкіндігі шектеулі балалардың оларсыз білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, арнаулы оқу және жеке дамыту бағдарламаларын, оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар;

2) *кемтар бала (балалар)* – белгіленген тәртіппен расталған, туа біткен, тұқым қуалаған, жүре пайда болған аурулардан немесе жарақаттардың салдарынан тіршілік етуі шектелген, дене және (немесе) психикалық кемістігі бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар);

3) «*қатер*» *тобындағы бала (балалар)* – ерте қолға алынбағандықтан, әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсетілмегендіктен, дене және (немесе) психикалық дамуында кенжелеп қалу ықтималдығы жоғары болатын үш жасқа дейінгі бала (балалар);

4) *дене кемістігі* – ағзасы (ағзалары) дамуының және (немесе) жұмыс істеуінің ұзақ уақыт бойы әлеуметтік, медициналық және педагогикалық түзеу арқылы қолдауды қажет ететіндей созылмалы бұзылуы;

5) *психикалық кемістік* – адам психикасы дамуының және (немесе) жұмыс істеуінің уақытша немесе тұрақты кемістігі, соның ішінде: сенсорлық бұзылыстардың салдары; сөйлеу бұзылыстары; эмоциялық-еркі жағынан бұзылыстары; ми зақымдануының салдары; ақыл-ой дамуының бұзылыстары, соның ішінде ақыл-ой жағынан кенжелеп қалу; психикалық дамуының тежелуі және осыған байланысты оқып-үйренудегі өзіндік қиындықтар;

6) *күрделі кемістік* – психикалық және дене кемістігінің кез келген ұштасуы;

7) *ауыр кемістік* – мемлекеттік (оның ішінде арнаулы) білім беру стандарттарына сәйкес білім беру қолжетімді болмайтын және оқыту мүмкіндіктері өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын, қоршаған дүние туралы қарапайым білімдерді және қарапайым еңбек дағдыларын, немесе аясы тар кәсіби даярлықты меңгерумен шектелетін дәрежедегі психикалық және (немесе) дене кемістігі;

8) *ерте қолға алу (ерте қолдау)* – психикалық-дене бұзылыстары скринингін, диагностиканы, емдеуді, дамыта оқытуды қамтитын, сәби жастағы (үш жасқа дейінгі) балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау;

9) **әлеуметтік бейімдеу** – нысаналы әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау процесінде кемтар балалардың қоғамда қабылданған құндылықтарды, мінез-құлық ережелері мен нормаларын игеруі мен қабылдауы және еңбекке даярлануы жолымен әлеуметтік орта жағдайларына белсенді түрде икемделуі;

10) **әлеуметтік жұмыс** – жекелеген адамдарға, отбасыларына олардың толық мәнді әлеуметтік жұмыс істеуіне кедергі келтіретін бұзылған немесе жойылған функцияларының орнын толтыра отырып әлеуметтік құқықтары мен кепілдіктерін іске асыруда көмек көрсету жөніндегі қызмет;

11) **скрининг** – «қатер» тобындағы балаларды анықтау мақсатымен жаппай стандартталған тексеру;

13) **медициналық оңалту** – организмнің бұзылған немесе семіп қалған функцияларын емдеуге, қалпына келтіруге бағытталған медициналық іс-шаралар кешені;

13-1) **мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау** – мүмкіндігі шектеулі балаларға тұрмыс-тіршілігіндегі шектелуді еңсеру және оның орнын толтыру үшін жағдай жасауды қамтамасыз ететін және оларға басқа азаматтармен бірдей қоғам өміріне қатысу мүмкіндіктерін жасауға бағытталған арнаулы әлеуметтік, медициналық және білім беру қызметтерін ұсынатын білім беру, халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі;

15) **арнаулы білім беру** – кемтар балаларға арнайы жағдайлар жасай отырып білім беру;

17) **арнаулы білім беру ұйымдары** – мүмкіндігі шектеулі балалардың диагностикасы және консультациялар алуы, оларды психологиялық-педагогикалық қолдау, оқыту мен тәрбиелеу үшін құрылған ұйымдар: психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар, оңалту орталықтары, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері, балалар бақшалары, мектептер жанындағы логопедтік пункттер және басқа да ұйымдар;

19) **психологиялық тексеру** – кемтар балалардың психикалық жағдайының ерекшеліктері мен психикалық дамуындағы әлеуметтік мүмкіндіктерін анықтау;

20) **әлеуметтік тексеру** – тиісті жастағы балаларға арналған жас нормативтерін ескере отырып, дене кіріптарлығына, жинақылығы, әдеттегі қызметпен айналысу қабілеті, экономикалық дербестігі мен қоғамға кірігу қабілеті шектелуіне байланысты болуы мүмкін әлеуметтік кемістіктер дәрежесін анықтау;

21) **медициналық тексеру** – балалардың тіршілік-әрекетінің шектелуіне себеп болатын жекелеген ағза немесе организм функциясының (функцияларының) бұзылу (болмау) түрін, ауырлығын анықтау;

22) *педагогикалық тексеру* – тиісті жастағы балаларға арналған жас нормативтерін ескере отырып, балалардың ақыл-ой жағынан даму ерекшеліктерін және олардың ойын ойнауға, білім алу мен қарым-қатынас жасауға әлеуеттік мүмкіндіктерін анықтау;

23) *кәсіби диагностика* – бойындағы психикалық және (немесе) дене кемістігін ескере отырып балалардың еңбек қызметінің немесе кәсіптің дағдыларын меңгеру мен орындауға әлеуеттік мүмкіндіктерін анықтау;

24) *кемтар баланы оңалтудың жеке бағдарламасы* – баланың соматикалық жай-күйі деңгейінің болжамын, психикалық-дене төзімділігін, отбасының әлеуметтік мәртебесі мен әлеуметтік инфрақұрылым мүмкіндіктерін ескере отырып, оның қажеттіліктерінің құрылымына, ден қоятын мәселелерінің шеңберіне, құштарлықтарының деңгейіне сәйкес баланың тұрмыстық, қоғамдық, кәсіби қызметке қабілетін қалпына келтіруге бағытталған медициналық, психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік іс-шаралар тізбесі.

### **3-бап. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау, оның мақсаттары, міндеттері мен принциптері**

1. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау баланың туғанынан басталып, ол кәмелеттік жасқа толғанға дейін, жаппай кешенді медициналық, психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік тексеру мен кәсіби диагностика жүргізу, оңалтудың жеке бағдарламасын әзірлеу, медициналық, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік қызметтер көрсету және еңбекке баулу арқылы жүргізіледі.

2. Әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдаудың мақсаттары:

1) туа біткен және тұқым қуалайтын ауруларды, қалыпты дамудан ауытқушылықтарды ерте бастан (туған кезден) анықтау;

2) балалардың дамуындағы кенжелеп қалу мен бұзылыстардың алдын алу, мүгедектіктің ауыр түрлерінен сақтандыру;

3) балалар мүгедектігінің деңгейін төмендету;

4) кемтар балалардың дене, психика және өзге де қабілеттерінің орнын толтыру немесе оларды қалпына келтіру, олардың әлеуметтік құқықтарын іске асыру, неғұрлым толық әлеуметтік бейімделуіне жәрдемдесу болып табылады.

3. Әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдаудың міндеттері:

1) кемтар балаларды анықтау мен оларды есепке алудың бірыңғай мемлекеттік жүйесін құру;

2) арнаулы білім беруді және арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуді жүзуге асыратын ұйымдар желісін дамыту;

3) кемтар балаларды әлеуметтік бейімдеу;

4) кемтар балалары бар отбасыларын әлеуметтік қолдау;

б) халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім беру ұйымдарының кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау мәселелері жөніндегі қызметін сабақтастыру болып табылады.

4. Әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау мынадай принциптерге:

1) кемтар балалар мен олардың отбасыларына әлеуметтік қолдау және оңалту көмегін көрсету кепілдігіне;

2) кемтар баласы бар отбасы мен әлеуметтік және медициналық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыратын ұйымдар мамандарының ынтымақтастығына;

3) балалардың қабілеттерінің шектелу дәрежесіне, жасына, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, ерте қолдау мен білім алуға қол жеткізуіне және тең құқықтылығына;

4) әрбір балаға жеке тұрғыдан келіп, әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсетуді саралауға негізделеді.

#### **9-бап. Кемтар балаларға медициналық, арнаулы білім беру және арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін ұйымдар**

1. Медициналық қызметтерді профилактикалық, диагностикалық, емдеу, оңалту және паллиативтік бағыты бар денсаулық сақтау субъектілері көрсетеді.

2. Медициналық қызметтерге:

1) «қатер» (скрининг) тобындағы балаларды анықтау мақсатымен жас сәби балаларды жаппай стандартты тексеру;

2) туа біткен, тұқым қуалаған және жүре пайда болған патологияның тереңдетілген диагностикасы;

3) психика-дене дамуында ауытқулары бар балаларды медициналық түзеу және оңалту;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес көрсетілетін өзге де қызметтер жатады.

3. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнаулы білім беру қызметтерін Қазақстан Республикасының білім беру туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен арнаулы ұйымдар: психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері, оңалту орталықтары, логопедтік пункттер, балалар бақшалары және басқа да білім беру ұйымдары көрсетеді.

4. Көрсетілетін арнаулы білім беру қызметтеріне:

1) ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау мақсатында балаларды тереңдетіп және кешенді зерттеп-қарау;

2) мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдау;

3) арнаулы оқу бағдарламалары бойынша оқыту және тәрбие беру;



4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін өзге де қызметтер жатады [17].

ҚР-ның 2005 жылғы сәуірдің 13-ндегі *«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы»* атты № 39 Заңы [18].

### **1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

3) *кәсіптік бағдарлау* – мүгедектің еңбек қызметі түрлерін таңдауына көмек көрсетуге бағытталған шаралар жүйесі;

7) *мүгедек* – тұрмыс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын, ауруларға, мертігулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, кемістіктерге байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған адам;

8) *мүгедек бала* – тұрмыс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын, ауруларға, мертігулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, кемістіктерге байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған он сегіз жасқа дейінгі адам;

9) *мүгедектерді әлеуметтік оңалту* – мүгедектердің тіршілік-тынысының шектелуін жеңіп шығуы үшін жағдай туғызуға, олардың әлеуметтік мәртебесін қалпына келтіруге, әлеуметтік-тұрмыстық және ортаға бейімделуіне бағытталған шаралар кешені;

10) *мүгедектерді әлеуметтік қорғау* – мүгедектерге әлеуметтік көмек көрсету, оңалту, сондай-ақ олардың қоғамға етене араласуы жөніндегі шаралар кешені;

11) *мүгедектерді жұмысқа орналастыруға арналған арнаулы жұмыс орындары* – мүгедектің жеке мүмкіндіктері ескеріле отырып жабдықталған жұмыс орындары;

12) *мүгедектерді кәсіптік оңалту* – мүгедектердің бұзылған не жоғалтқан кәсіптік дағдыларын, білімі мен машықтарын алуына немесе қалпына келтіруіне және оларды бейімдеу мен жұмысқа орналастыруға бағытталған шаралар кешені;

14) *мүгедектердің әлеуметтік-тұрмыстық және ортаға бейімделуі* – мүгедектердің өзін-өзі қарап-күту, өз бетімен өмір сүру мүмкіндігіне қол жеткізу немесе олардың отбасылық және қоғамдық өмірдің үйреншікті жағдайларына қайта оралу процесі;

15) *мүгедектік* – организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулықтың бұзылуы салдарынан адамның тіршілік-тынысының шектелу дәрежесі;

16) *мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасы* – мүгедекті оңалтудан өткізудің нақты көлемін, түрлері мен мерзімдерін белгілейтін құжат;

19-1) *сурдоаударма* – қандай да бір тілден дактильді әліпби және (немесе) ымдау тілі көмегімен аудару;

20) *сурдотехникалық құралдар* – есіту кемістіктерін түзеуге және олардың орнын толтыруға арналған техникалық құралдар, оның ішінде дауысты күшейтетін байланыс және ақпарат беру құралдары;

21) *техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар* – протездік-ортопедиялық, сурдотехникалық, тифлотехникалық құралдар мен міндетті гигиеналық құралдар;

22) *тифлотехникалық құралдар* – мүгедектердің көру кемістігі салдарынан жоғалтқан мүмкіндіктерін түзеуге және олардың орнын толтыруға бағытталған құралдар;

23) *тіршілік-тынысының шектелуі* – адамның өзін-өзі қарап-күту, өздігінен жүріп-тұру, бағдарлай алу, қарым-қатынас жасау, өзінің мінез-құлқын бақылау, оқу және еңбекпен айналысу қабілетінен немесе мүмкіндігінен толық немесе ішінара айрылуы;

24) *халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттары* – мүгедектерге және мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету сапасын, көлемін және шарттарын белгілейтін нормативтік құқықтық актілер;

25) *ымдау тілі маманы* – еститін және естімейтін адамдар арасында делдалдық қызмет көрсетуге байланысты мүгедекке әлеуметтік қызметтер көрсететін маман.

#### **9-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті**

Білім беру саласындағы уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мүгедектердің білім алуын қамтамасыз етеді;

2) мемлекеттік тапсырыс немесе грант бойынша оқып жүрген мүгедектерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стипендиялар тағайындау мен төлеудің тәртібін әзірлейді;

4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

#### **29-бап. Мүгедектерге білім алуы және мектепке дейінгі тәрбие алуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету**

1. Мүгедектерге тегін бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім алуға кепілдік беріледі.

2. Бірінші және екінші топтардағы мүгедектер мен мүгедек балалар үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға оқуға түсу кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мөлшерде қабылдау квотасы көзделеді.

3. Білім беру гранттарын алуға, сондай-ақ жоғары білімді кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылардың құрамына қабылдауға арналған

конкурстарға қатысу кезінде балдары тең болған жағдайда, медициналық қорытындыға сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында оқуға қарсы көрсетілімдері жоқ бірінші және екінші топтағы мүгедектердің, бала кезінен мүгедектердің, мүгедек балалардың «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабының 5-тармағында көзделген кезектілікке сәйкес артықшылықты құқығы болады.

4. Мемлекеттік тапсырыс немесе грант бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқитын мүгедектерге стипендиямен қамтамасыз ету жөніндегі жеңілдіктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес беріледі.

6. Мүгедек балаларды жалпы немесе арнаулы мектепке дейінгі ұйымдарда және басқа оқу орындарында тәрбиелеу мен оқыту мүмкін болмаған жағдайда, оларды тәрбиелеу мен оқыту ата-анасының немесе заңды өкілдерінің тілегі ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен үйде жүргізіледі.

7. Мемлекет мүгедектердің, бала кезінен мүгедектердің және мүгедек балалардың білім алуы кезеңінде оларды күтіп-бағуға жұмсалған шығыстарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен толық немесе ішінара көтереді.

### **30-бап. Мүгедектерді кәсіптік оңалту**

1. Мүгедектерді кәсіптік оңалту:

- 1) кәсіптік бағдар беруді;
- 2) кәсіптік оқытуды (қайта оқытуды);
- 3) жұмысқа орналастыруды қамтиды.

2. Кәсіптік бағдар беруді білім беру, халықты әлеуметтік қорғау ұйымдары жүзеге асырады.

2-1. Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын ашатын жұмыс берушілер мүгедектерді кәсіптік бағдарлауға қатысады.

3. Мүгедектерді кәсіптік оқытуды (қайта оқытуды) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алынған лицензия негізінде білім беру қызметін жүргізетін ұйымдар жүзеге асырады [18].

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы желтоқсанның 29-ндағы «*Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы*» атты № 114-IV Заңы [19].

### **1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) *арнаулы әлеуметтік қызметтер* – өмірлік қиын жағдайда жүрген адамға (отбасына) туындаған әлеуметтік проблемаларды еңсеру үшін жағдайларды қамтамасыз ететін және

оның қоғам өміріне қатысуына басқа азаматтармен тең мүмкіндіктер жасауға бағытталған қызметтер кешені;

2) *арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілер* – арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі мемлекеттік және мемлекеттік емес секторларда жұмыс істейтін жеке және (немесе) заңды тұлғалар;

4) *әлеуметтік бейімсіздік* – жеке адамның әлеуметтік ортамен өзара байланысының бұзылуы;

5) *әлеуметтік депривация* – адамның (отбасының) негізгі өмірлік қажеттіліктерін өз бетінше қанағаттандыру мүмкіндігін шектеу және (немесе) одан айрылу;

7) *әлеуметтік орта* – адамның (отбасының) өмір сүруінің, қалыптасуы мен қызмет атқаруының материалдық, экономикалық, әлеуметтік, саяси және рухани жағдайларының жиынтығы;

8) *өмірлік қиын жағдай* – адамның тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын, осы Заңда көзделген негіздер бойынша танылған ахуал.

#### **6-бап. Адам (отбасы) өмірлік қиын жағдайда деп танылуы мүмкін негіздер**

1. Адам (отбасы) мынадай:

1) жетімдік;

2) ата-ананың қамқорлығынсыз қалу;

3) кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуы, оның ішінде девианттық мінез-құлық;

3-1) кәмелетке толмағандардың ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында болуы;

4) үш жасқа дейінгі балалардың туғаннан бастапқы психофизикалық дамуы мүмкіндіктерінің шектелуі;

5) дене және (немесе) ақыл-ой мүмкіндіктеріне байланысты организм функцияларының тұрақты бұзылуы;

6) әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі;

7) жасының егде тартуына байланысты, ауруы және (немесе) мүгедектігі салдарынан өзіне-өзі күтім жасай алмауы;

8) әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соқтырған қатыгездік;

9) баспанасыздық (белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар);

10) бас бостандығынан айыру орындарынан босау;

11) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде болу негіздері бойынша өмірлік қиын жағдайда деп танылуы мүмкін.

## **10-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті**

Білім беру саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:

1) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) білім беру саласындағы арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарттарын әзірлейді және бекітеді;

3) әлеуметтік қызметкерлерге қойылатын біліктілік талаптары мен оларды аттестаттау тәртібін әзірлейді және денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді;

4) әлеуметтік қызметкерлер мамандықтарының тізбесін, оларды даярлау мен біліктілігін арттыру стандарттарын бекітеді;

5) мыналарды:

арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша мониторинг жүргізуді;

халықтың арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге қажеттілігіне талдау жүргізуді;

арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуды қамтамасыз етеді;

6) мыналарды:

Қазақстан Республикасының арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамасының сақталуын бақылауды;

жеке және заңды тұлғалармен, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органмен және басқа да мемлекеттік органдармен арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасауды;

осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады [19].

### **1.3. Ерте, мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларға түрлі ведомствалар тарапынан ұсынылатын қызметтер**

Еліміздің заңнамасына сәйкес барлық жастағы балаларға қатысты кепілді түрде әртүрлі қызметтер атқарылып, мемлекет тарапынан көмек пен қолдау көрсетіледі. Елімізде мүгедектігі бар азаматтар мен оларға күтім жасайтын тұлғаларға республикалық бюджеттен жәрдемақы қарастырылған. Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының мөлшері мүгедектік тобына, ауру себебіне және ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасына

байланысты жыл сайын өзгеріп, белгіленеді. Мүгедектігі бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының мөлшері ең төменгі күнкөріс шегін тиісті коэффициентке көбейту арқылы есептеледі. Қазақстан Республикасының *«Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы»* Заңына сәйкес [20]:

**9-1-бап. Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны тағайындау және төлеу**

1. Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы өтініш жасалған күннен бастап баланың мүгедектігінің барлық кезеңіне тағайындалады.

2. Отбасында екі және одан да көп мүгедектігі бар бала тұрған жағдайда жәрдемақы әр мүгедектігі бар балаға тағайындалады және төленеді.

3. Асырап алған, сондай-ақ қорғаншылыққа (қамқорлыққа) алған мүгедектігі бар балалары бар отбасыларға мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы бала асырап алу туралы сот шешімі заңды күшіне енгізілген күннен бастап немесе қорғаншылық (қамқоршылық) белгілеу туралы шешім қабылданған күннен бастап тағайындалады.

**9-2-бап. Бала кезінен бірінші топтағы мүгедектің күтіміне байланысты жәрдемақыны тағайындау және төлеу**

**10-бап. Жәрдемақылар мөлшері**

1. Осы Заңға сәйкес жәрдемақылар мынадай мөлшерде белгіленеді:

4) мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы – 1,4 ең төмен күнкөріс деңгейі.

*Қазақстан Республикасында мүгедектік қалай анықталады?* Кез келген азамат/ша тұрғылықты не тіркелген жері бойынша медициналық ұйымға өзінің учаскелік дәрігері не денсаулық сақтау ұйымының бейінді маманына бару керек, ол маман қажетті диагностикалық және емдеу іс-шараларын, стационарлық тексеру мен емдеу көлемін анықтайды, аңғарымды (диагноз) және функционалдық бұзылыстар дәрежесін белгілейді.

Диагностикалық, емдеу және оңалту шаралары жүргізілгеннен кейін ағза қызметтерінің тұрақты түрде бұзылыстары болған кезде медициналық ұйымдар аңғарым қойылған соң төрт айдан кейін емделушілерді медициналық-әлеуметтік сараптамаға (МӨС) жібереді. Дәрігер мамандар медициналық-әлеуметтік сараптамаға жолдаманы толтырып, құжаттарды дайындап, медициналық ұйым әзірлеген жағдайда пациентті оңалтудың жеке бағдарламасының медициналық бөлігінің көшірмесін жасайды. Аурудың динамикасын талдау мақсатында амбулаторлық пациенттің медициналық картасы қосымша беріледі. Адамды *мүгедектігі бар тұлға* деп тану үшін төмендегі факторлар ескеріледі:

- ағза қызметтерінің тұрақты түрде бұзылыстарының салдарынан денсаулықтың нашарлауы;

- тіршілік-тынысының шектелуі (адамның өзіне-өзі қызмет етуі, өздігінен жүріп-тұруы, қарым-қатынас жасауы, мінез-құлығын бақылауы, оқу немесе еңбек қызметімен айналысу қабілетінен толық немесе жартылай айырылуы не олардың мүлдем болмауы);
- әлеуметтік қорғау шараларына мұқтаждық т.с.с.

**Атаулы әлеуметтік көмек** – айлық табысы кедейлік шегінен төмен жеке тұлғаларға мемлекеттен берілетін ақшалай төлем. 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап тұрмысы төмен отбасыларға көрсетілетін атаулы әлеуметтік көмек жаңа тәртіп бойынша төленеді. Атаулы әлеуметтік көмек шартсыз және шартты ақшалай көмек болып бөлінеді. Шартсыз ақшалай көмек төмендегі екі тармақ бойынша тағайындалады. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу іс-шараларына қатысуға мүмкіндігі шектеулі жалғызбасты және (немесе) жалғыз тұратын аз қамтылған тұлғаларға төмендегі себептермен беріледі:

- Зейнеткерлік жасқа жеткен кезде;
- Бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік;
- Ауруына байланысты еңбекке уақытша жарамсыздық мерзімі екі айдан асса.

Отбасыда еңбекке жарамды барлық мүшесі I немесе II топтағы мүгедектер болса және (немесе) олардың ауруына байланысты еңбекке уақытша жарамсыздық мерзімі екі айдан асса және (немесе) аз қамтылған отбасында мынадай санаттағы адамдарға күтім жасалатын болса:

- Жеті жасқа дейінгі бала;
- Мүгедек бала;
- I немесе II топтағы мүгедек;
- Бөгде адамның күтімі мен көмегіне мұқтаж жан.

Жалғызбасты және (немесе) жалғыз тұратын аз қамтылған тұлғаларға, сонымен бірге құрамында еңбекке жарамды мүшесі (мүшелері) бар аз қамтылған отбасыларға, оның (олардың) жұмыспен қамтуға жәрдемдесу іс-шараларына және (немесе) әлеуметтік бейімделу қажет болған жағдайда шартты ақшалай көмек беріледі.

Ана, әке және баланы қорғау мәселелері бірнеше заңнамалық актілерде, атап айтсақ **«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы»** Кодексте [10], **«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы»** [16], **«Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы»** [20] заңдарда және басқа да нормативтік құқықтық актілерде жазылған.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше елімізде балалы отбасыларды әлеуметтік қолдаудың тұтас жүйесі жұмыс істейді, оған жүктілігі және босануы бойынша әлеуметтік төлем, бала тууы, көп балалы отбасылар, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған көп балалы аналарға жәрдемақы, мүгедек баланы бағумен

айналысатын ата-аналарға арналған, сондай-ақ бала кезінен бірінші топтағы мүгедектің күтіміне байланысты жәрдемақы кіреді, олар отбасының табысын есепке алмай-ақ төленеді.

**Мүгедек баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы:** Балаға мүгедектік алғаш рет белгіленген кезде мүгедек баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны тағайындау үшін өтініш беруші өтінішпен тұрғылықты жері бойынша медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесіне жүгінеді. Балаға мүгедектік белгілеген кезде көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша *«Мүгедек баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғанысқа (қамқоршыға) жәрдемақы тағайындау»* мемлекеттік қызметі «бір терезе» қағидатына сәйкес көрсетіледі.

**Мүгедектігі бар ата-аналары және балалары бар отбасыларды әлеуметтік қолдау:** Қазақстанда мүгедектігі бар тұлға – тұрмыс-тіршілігінің шектелуіне және оның әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын, аурулар, мертігулер, олардың зардаптары және түрлі бұзылыстарға байланысты ағза қызметтері тұрақты түрде қалыпты болмай, денсаулығы нашарлаған адам.

Мүгедектігі бар тұлғаларды әлеуметтік қорғау мүгедектігі бар адамдарға тіршілік әрекетінің шектеулерін еңсеру, ауыстыру (не орын толтыру) үшін жағдайларды қамтамасыз ететін және олардың қоғам өміріне басқа азаматтармен бірдей мүмкіндіктер жасауға бағытталған мемлекет кепілдік берген экономикалық, құқықтық шаралар мен әлеуметтік қолдау шараларын қарастырады. Шаралар жүйесі *Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы»* Қазақстан Республикасының Заңымен [14, 18] және республикада қабылданған өзге де нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі. Заңнамалық актілердің ережелері мүгедектігі бар әрбір адамның жеке құқықтары мен мүдделерін қозғайды, тек жекелеген нормалар мүгедектігі бар адамдардың отбасы мүшелерінің құқықтық қатынастарын реттейді.

Қазақстан 2015 жылы БҰҰ-ның мүгедектігі бар тұлғалардың құқықтары туралы Конвенциясын ратификациялады [21]. Конвенцияның мақсаты барша мүгедектігі бар тұлғалардың барлық адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын толық және тең дәрежеде іске асырылуын көтермелеу, қорғау және қамтамасыз ету, сондай-ақ оларға тән қадір-қасиетті құрметтеуді көтермелеу болып табылады. Адамға тән қадір-қасиетті, өз таңдауын жасау еркіндігін қоса алғандағы жеке дербестігін және тәуелсіздігін құрметтеу, кемсітпеушілік, қоғамға толық және тиімді тарту және қосу, мүгедектігі бар адамдардың ерекшеліктерін құрметтеу, оларды адами алуан түрліліктің компоненті және адамзаттың бір бөлшегі ретінде қабылдау, қолжетімділік, ерлер мен әйелдердің теңдігі, мүгедектігі бар



балалардың даму қабілеттерін құрметтеу және мүгедектігі бар балалардың өз жеке қасиетін сақтау құқықтарын құрметтеудің негізгі қағидаттары енгізілген.

Конвенция ратификацияланған сәттен бастап Қазақстанда бірқатар жұмыстар жүргізілді деп сенімді түрде айта аламыз. Тіршіліктің негізгі салаларында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын жүзеге асыру үшін нормативтік-құқықтық негізді нығайту мақсатында қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаға талдау жасалды. 2015 жылғы 3 желтоқсанда 24 заңнамалық актіге өзгерістер енгізуді көздейтін **«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектердің құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заңы қабылданды [22].

Атап айтқанда «кедергісіз» орта құру үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, жолаушылар тасымалын жүзеге асыру кезінде мүгедектігі бар адамдар үшін бейімделген құрылғылар мен технологиялардың ұтқырлығын жеңілдететін құралдарды қоса алғанда, жаңа технологияларды пайдалану жөніндегі көлік туралы заңға өзгерістер енгізілді. Басқа өзгерістер барлық осал топтар үшін қолайлы орта құру арқылы инклюзивті қоғам құруға бағытталған. Мәселен, білім беру саласында мемлекет мүгедектігі бар балалар, мүгедектігі бар тұлғалар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдарды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен білім алуы кезеңінде шығындарды толық немесе ішінара өтейді. Мүгедектігі бар балаға оқу орнының қамқоршылық кеңесінің шешімі бойынша немесе оның отбасында мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алу құқығы болған кезде киім, аяқ киім, мектеп керек-жарақтарын сатып алу, мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларға қатысу түрінде материалдық көмек көрсетіледі, ол жалпы білім беретін мектептерді ағымдағы күтіп-ұстауға бөлінетін бюджет қаражатының жиынтық көлемнің кемінде 2% мөлшерінде бөлінетін қаражат есебінен жүзеге асырылады. Сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квоталары қарастырылған.

Бұдан басқа мүгедектігі бар адамдар үшін еңбек қатынастары саласында ең төменгі кепілдіктер белгіленді, оның ішінде 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған жалғызбасты аналармен жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу, 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған қызметкерлерді жазбаша келісімінсіз түнгі уақытта жұмысқа тарту мүмкіндігіне шектеулерді көздеу, отбасының науқас мүшелеріне күтім жасауды жүзеге асыратын не мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған қызметкерлерді, егер медициналық қорытынды негізінде мүгедектігі бар балалар немесе ауру отбасы мүшелері тұрақты күтімді жүзеге асыруды қажет етсе, іссапарға барудан бас тарту құқығы белгіленген.

2019 жылдан бастап Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі Ұлттық жоспар жүзеге асуда [23]. Бұл құжаттың мақсаты – мүгедектігі бар адамдардың өмірін жақсарту жолында барлық қатысушы тараптардың үйлестірілген іс-қимылының стратегиясы, құрамы және реттілігін анықтау болып табылады.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасында қолданыстағы заңнаманы түгендеу бойынша жұмыс жалғастырылуда. Нәтижесінде екі үлкен заң қабылданды: 2021 жылғы 12 қазандағы *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»* атты Заңда [24] мүгедектігі бар балалары мен ата-аналары бар отбасыларға қатысты түзетулер қарастырылған. Атап айтқанда мүгедектіктің себебіне қарамастан, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасайтын адамдар үшін жәрдемақы енгізу; 7-16 жас аралығындағы балаларды жәрдемақы мөлшерін қайта қараумен мүгедектік топтары бойынша бөлу; кәмелетке толған кезде мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар үшін 1-2 топ мүгедектік белгіленген жағдайда тұрғын үйге кезекті сақтау; еңбек жарақатынан не кәсіптік аурудан мүгедектік алған адамдарға қолдау көрсету және басқалар.

Қазақстан Республикасының Президенті 2022 жылғы 27 маусымда Қазақстан Республикасының 76 заңнамалық актісіне өзгерістер енгізуді көздейтін *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»* Заңға қол қойды[25].

Заңның негізгі қосымшаларына төмендегілер енгізілген:

✓ мүгедектігі бар адамдарға денсаулық сақтау ұйымдарында бірінші кезекте қызмет көрсету құқығы беріледі;

✓ мүгедектігі бар баланы санаторий-курорттық емдеуге алып жүретін заңды өкілдердің біріне санаторий-курорттық ұйымда болу құнын халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын санаторий-курорттық емдеу құнын өтеу ретінде ұсынылатын кепілдік берілген соманың 70% мөлшерінде өтеледі;

✓ психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларды ашу жөніндегі нормативтерді 60 мың бала тұрғыннан 50 мың бала тұрғынға дейін төмендетілді;

✓ *«абилитация»* ұғымы енгізілді (мүгедектігі бар адамдардың бойында дамымаған тұрмыстық, қоғамдық және кәсіптік қызметке қабілеттерін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған шаралар кешені);

✓ үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдар құқықтық және техникалық сипаттағы нотариаттық іс-әрекеттер жасау кезінде жекеше нотариустардың қызметтеріне ақы төлеуден босатылған адамдар санатына енгізілді;

✓ «электрондық үкімет» веб-порталының компоненттеріне интернет-ресурстарды құру және ақпаратты орналастыру кезінде мүгедектігі бар адамдардың мүдделерін сақтау талабы енгізілді;

✓ мүгедектікті анықтау бойынша медициналық-әлеуметтік сараптамадан сырттай өту мүмкіндігі беріледі.

Сонымен қатар кемсітушілік терминологиясын жою мақсатында «мүгедек» ұғымы «мүгедектігі бар тұлғаға» және «мүгедек бала» ұғымы «мүгедектігі бар балаға» өзгертілді [25].

**Арнаулы әлеуметтік қызметтер.** Арнаулы әлеуметтік қызметтер (бұдан әрі АӘК) – бұл адамға немесе отбасына, оның ішінде өмірлік қиын жағдайдағы мүгедектігі бар адамға туындаған әлеуметтік мәселелерді еңсеру үшін жағдай жасайтын және қоғам өміріне басқа азаматтармен тең қатысуға мүмкіндіктер жасауға бағытталған қызметтер кешені. АӘК арнайы әлеуметтік қызметтердің кепілдендірілген көлемі және ақылы қызметтер ретінде ұсынылады. Арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемі Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 19 мамырдағы **«Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы»** Заңына сәйкес ең төмен әлеуметтік стандарт болып табылады және тегін ұсынылады [26]. Алайда АӘК-ның белгіленген тізбесі тұрғылықты жері бойынша отбасын қолдау қызметтері мен жалпы әлеуметтік қызметтерді қамтымайды, өйткені АӘК-ның негізінде «тіршілік әрекетінің шектелуіне байланысты көмек» қағидаты енгізілген.

АӘК көрсету процесі заңға тәуелді актілер деңгейінде қабылданған өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарымен регламенттелген. Бірақ көрсетілген стандартталған үдерістердің бірыңғай тәсілдері бар (көлемі, қызметтерді қабылдауға қойылатын талаптар және қызметтердің сапасы) және өмірлік қиын жағдайдың түріне байланысты емес.

Соңғы жылдары әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінде қызметтер бойынша шығындарды қоса қаржыландыру қағидатын енгізу, қызметтер көрсететін ұйымдар, оның ішінде шағын жинақты ұйымдардың әртүрлі нысандары мен түрлерін дамыту; қызметтер көрсетуді бәсекелестік орта, яғни жеке секторға беру арқылы ұйымдар желісін кеңейту арқылы түбегейлі өзгерту жүзеге асырылуда. Бүгінгі таңда Қазақстанда 900-ден астам жеке, мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдар жұмыс істейді. Олар «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңда белгіленген мемлекет кепілдік берген қызметтердің 8 түрін көр-

сетеді. Арнайы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж тұлға не оның заңды өкілдері талап етілетін құжаттарды жинақтап, құзыретті органдарға жүгінуге құқыққа бар екендігін атап өткіміз келеді.

Мүгедектігі бар балалар мен олардың отбасылары мектептер мен басқа да білім беру мекемелерінде стигматизацияға жиі ұшырайды. Инклюзивті білім беруді дамытуға қатысты түзетулер қабылданғанына қарамастан, мұғалімдер мен басқа да білім беру қызметкерлері мүгедектігі бар балалармен қарым-қатынас жасау, даму ерекшеліктері бар балаға арналған оқу бағдарламалары мен материалдарды бейімдеу және дұрыс беру дағдыларын жеткілікті дәрежеде меңгермегенін атап өткен жөн болар деп ойлаймын.

Мектепке дейінгі және мектептегі білім беру деңгейінде мүгедектігі бар балаларға қалыпты жағдайдағы балалар тарапынан бейімділікке тәрбиелеу жөнінде шаралар жеткіліксіз қабылдануда. Мүгедектігі бар адамдардың оң көзқарасына қатысты мұғалімдердің жеткіліксіз құзыреттілігі қоғамдағы мүгедектігі бар адамдар туралы жалпы түсінікке және инклюзивті білім беруді дамыту үдерісіне айтарлықтай әсер етуде.

Сонымен қатар ұйымдар ақпараттық науқандар жүргізіп, баспа өнімдерін шығарып, қайырымдылық акцияларын іске қосып және мүгедектігі бар адамдардың спорттық жетістіктерін көрсетсе де, дегенмен ағарту-тәрбие жұмысына тұжырымдамалық түрде өте тар ауқымдағы көзқараспен қарайды. Мұндай шаралардың артықшылығына қарамастан бұл тәсілдің кешенді және ұзақ мерзімді болашағы жоқ деп атап айтқымыз келеді: біріншіден, бұл науқандар мүгедектігі бар адамдарға қатысты ойлау, қабылдау және стереотиптері қалыптасқан ересек адамдарға бағытталған; екіншіден, мұндай шаралардың көпшілігі қайырымдылық сипатта және мүгедектігі бар адамдарды қоғамның дамуына толыққанды үлес қосатын қоғам мүшелері ретінде көрсетпейді; үшіншіден, стигматизация және кемсіту жағдайлары біздің қоғамымызда әлі де бар екендігін белгілейміз.

Мүгедектігі бар адамдардың әртүрлі топтарының қоғамдастықтары, айырмашылықтары мен қажеттіліктері, қарым-қатынас ерекшеліктері және олармен қарым-қатынас этикасы туралы толық және жан-жақты ақпарат жоқ екендігін ерекше атап өткіміз келеді. Сондай-ақ елде бұқаралық ақпарат құралдары үшін мүгедектігі бар адамдар туралы дұрыс және тұрақты ақпаратты орналастыру үшін тиімді ынталандыру тетіктерінің жоқ болуы фактісі де маңызды болып табылады. Бұқаралық ақпарат құралдары халыққа әсер етудің ең күшті тетігі екенін ескере отырып, мүгедектігі бар тұлғалардың, мүгедектігі бар баланы қоғамда тәрбиелеп отырған отбасының оң имиджін қалыптастыруда, мүгедектігі бар адамдарға толерантты қарауға, сондай-ақ әлеуметтік бағдарламаларды тиімді іске асыруға жәрдемдесуге БАҚ-тың әлеуеті зор екені сөзсіз.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 17 тамыздағы «Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді көмек көрсетуді жетілдіру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы» атты № 112-ө өкіміне [27] сәйкес *Мүгедектік профилактикасы және ерте түзету-дамыту көмегі жүйесін ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар; Оңалту қызметтерін ұйымдастыруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар; Есепке алу және арнайы техникалық құралдармен, дәрілік және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар; Кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шаралар; Глютенсіз тамақ өнімдерін енгізу жөніндегі іс-шаралар* жоспарланып, жүзеге асуға мүмкіндіктер болды. Жол картасы № 1 Қосымшада берілді, толыққанды танысып, атқарылған іс-шаралар туралы ақпаратпен танысуға мүмкіндік бар.

Тарауымызды қорытындылай келе 2022 жылы заңнамаға қолданыстағы «мүгедек бала» ұғымына қатысты өзгерістер енгізілгеніне қарамастан, әртүрлі медициналық құжаттарда мүгедектігі бар балаларға қатысты кемсітушілік және ар-намысты қорлайтын терминдер әлі де қолданылатынын атап өткіміз келеді. Бірқатар терминдер әлеуметтік көзқарасқа сәйкес келмейді, жағымсыз белгісі бар, стигматизациялайды және іс жүзінде заңнамаға қайшы келеді. Көбінесе атаулар Ағза қызметінің Халықаралық Жіктемесі (АХЖ-10) [28], Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының басқа да құжаттарына қайшы келеді, олардың негізінде медициналық емес, био-психо-әлеуметтік модель жатыр.

Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының «Қазақ тілінде оқитын ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арнайы және инклюзивті білім беру» зертханасының негізінде 2022 жылы *«Арнайы және инклюзивті білім беру салаларындағы ресми атаулар мен олардың қазақ және орыс тілдеріндегі баламалары»* тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы жүзеге асып, ғылыми ізденіс пен шығармашылық, теориялық көзқарас пен практикалық ұстанымдардың шоғырлана келіп, заман талабына сай туындаған аналитикалық жұмысы өз нәтижесін беріп, арнайы педагогика, жалпы және инклюзивті білім беру, олармен тығыз байланыстағы басқа да салалардың теоретик ғалымдары мен практик мамандары, басшылары мен мамандары, арнайы педагогтары мен ұстаздары, біраз сала бойынша білім алып отырған студенттер мен магистранттар т.б. мүдделі тұлғаларға қажетті ресми атаулар мен тұжырымдарды ұсынылғанын атап өткіміз келеді [29, 30]. Терминология бойынша әдістемелік құралда Арнайы және инклюзивті білім беру салалары бойынша атаулар мен сөздік материалдар дұрыс тәртіппен жүйеленіп берілген. Сонымен қатар атаулардың кемсіту мағынасындағы нұсқалары туралы мәліметтер зерттеу барысында анықталған мағлұматтармен қатар алғаш рет берілді.


## II. ПМПК, ППТК және арнайы мектептердің әлеуметтік педагогтары мен мамандары арасында сауалнама нәтижелері

«Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» РММ-нің Арнайы және инклюзивті білім берудің әдіснама және әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің жұмыс жоспарында бекітілген *«Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар, мүмкіндіктері шектеулі және/немесе мүгедектігі бар балалардың ата-аналарын ақпараттандыру»* атты ата-аналарға арналған ақпараттық-анықтамалық материалдарды дайындап, басылымға ұсынбастан бұрын төменде берілген сұрақтар негізінде сауалнама даярланды (№ 1 Қосымша). Жұмыс «Кәсіби құзыреттіліктер», «Кәсіби қиындықтар» және «Кәсіби қажеттіліктер» тақырыптарын қамтитын 17 сұрақты қамтыды. Зерттеу барысында сапалық және сандық әдістер арқылы педагогтардың кәсіби дамуындағы қажеттіліктерін талдау міндеттеріміздің бірі ретінде белгіленді. Сауалнамаға 158 респондент қатысты. Қазақстан Республикасында мүмкіндіктері шектеулі, білім алуда ерекше қажеттіліктері және/немесе мүгедектігі бар балалардың заңды өкілдерін әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан қолдау мақсатында қызмет ететін Арнайы білім беру ұйымдарының әлеуметтік педагогтарының арасында жүргізілген сауалнама жүргізу негізінде мынадай жауаптарға қол жеткіздік:

Сауалнама сұрақтарына жауап берген 158 педагогтың қай өңірдің өкілі екенін анықтау мақсатында қойылған «Сіз еліміздің қай облысы, қаласы, ауданында орналасқан арнайы білім беру ұйымы (ПМПК, ППТК) әлеуметтік педагогысыз?» деген № 1 сауалға жауаптар өңірлер бойынша былай тарайды:


1. Сіз еліміздің қай облысы, қаласы, ауданында орналасқан арнайы білім беру ұйымы (ПМПК, ППТК) әлеуметтік педагогысыз?

158 ответов




1. Сіз еліміздің қай облысы, қаласы, ауданында орналасқан арнайы білім беру ұйымы (ПМПК, ППТК) әлеуметтік педагогысыз?

158 ответов



1. Сіз еліміздің қай облысы, қаласы, ауданында орналасқан арнайы білім беру ұйымы (ПМПК, ППТК) әлеуметтік педагогысыз?


158 ответов



«Кәсіби құзыреттіліктер» тақырыбындағы «*Қандай лауазымда қызмет етесіз?*» деген № 2 сауалға төмендегідей нұсқада жауаптар алынды:

2. Қандай лауазымда қызмет етесіз?

158 ответов



№ 1 кесте


№	Қандай лауазымда қызмет етесіз?	Жалпы саны	%-ы
---	---------------------------------	------------	-----

1.	ПМПК-ның әлеуметтік педагогы	44	27,8
2.	ПШТК-ның әлеуметтік педагогы	52	32,9
3.	ПМПК-ның психологы	6	3,8
4.	ПШТК-ның психологы	7	4,4
5.	Басқа қызметкер	49	31

«Педагогикалық қызметіңіздің жұмыс өтілі қанша жыл?» деген № 3 сауалға қатысты жауаптар мынадай болды:

3. Педагогикалық қызметіңіздің жұмыс өтілі қанша жыл?


157 ответов



Сауалнаманы өткізу барысында «Кәсіби құзыреттіліктер» тақырыбында болған «Негізгі мамандығыңыз бойынша кімсіз?» деген № 4 сұраққа жауаптар былайша тізбектелді:

4. Негізгі мамандығыңыз бойынша кімсіз?

158 ответов




«Кәсіби құзыреттіліктер» саласындағы «Әлеуметтік педагог» мамандығы бойынша біліміңіз бар ма?» деген № 5 сауалға жауаптар тізбегі төмендегідей:



5. «Әлеуметтік педагог» мамандығы бойынша біліміңіз бар ма?

158 ответов




№ 2 кесте

№	«Әлеуметтік педагог» мамандығы бойынша білімі	Жалпы саны	%-ы
1.	Иә	67	42,4
2.	Жоқ	82	51,9
3.	Орта арнайы кәсіби білімім бар	7	4,4
4.	Жоғары білім алудамын	2	1,3

«Кәсіби қажеттіліктер» блогы бойынша қойылған «*Әлеуметтік педагог*» мамандығы бойынша біліктілікті көтеру курстары не тренингтерден өтіп пе едіңіз?» деген № 6 сауалға педагогтар былайша жауап берді:

6. «Әлеуметтік педагог» мамандығы бойынша біліктілікті көтеру курстары не тренингтерден өтіп пе едіңіз?


158 ответов



«Жеке тұлғаның психологиялық-медициналық-педагогикалық ерекшеліктерін және оның шағын ортасын, өмір сүру жағдайларын зерделеу барысында қиындықтар туындай ма, бар болса қандай?» деген № 7 сұраққа жауаптар мынадай болды:

7. Жеке тұлғаның психологиялық-медициналық-педагогикалық ерекшеліктерін және оның шағын ортасын, өмір сүру жағдайларын зерделеу барысында қиындықтар туындай ма, бар болса қандай?


158 ответов



*«Білім мен қызмет алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке басының құқықтары мен бостандықтарын іске асыруда әлеуметтік қорғау және әлеуметтік көмек бойынша сұрақтар бола ма?»* деген № 8 сауалға жауаптар төмендегідей болды:

8. Білім мен қызмет алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке басының құқықтары мен бостандықтарын іске асыруда әлеуметтік қорғау және әлеуметтік көмек бойынша сұрақтар бола ма?


158 ответов



*«Қызмет алушылардың ата-аналары, заңды өкілдері және өзге де мүдделі тұлғалармен байланысып, өзара іс-қимыл жасайсыздар ма?»* деген № 9 сауал бойынша жауаптар төмендегі диаграммада көрсетілгендей болды:

9. Қызмет алушылардың ата-аналары, заңды өкілдері және өзге де мүдделі тұлғалармен байланысып, өзара іс-қимыл жасайсыздар ма?


158 ответов



*«Қызмет алушыларға әлеуметтік көмек пен қолдауды уақтылы және сапалы көрсету барысында қандай нормативтік-құқықтық актілер мен заңнама нормаларын негізге аласыз?»* деген № 10 сұраққа жауаптар мынадай тізбекте болды:

10. Қызмет алушыларға әлеуметтік көмек пен қолдауды уақтылы және сапалы көрсету барысында қандай нормативтік-құқықтық актілер мен заңнама нормаларын негізге аласыз?


158 ответов



*«Кәсіби қиындықтар»* саласындағы *«Кәсіби қызметіңіз барысында қандай қиындықтар туындауда?»* деген № 11 сауал бойынша жауаптар төмендегідей болды:

## 11. Кәсіби қызметіңіз барысында қандай қиындықтар туындауда?


158 ответов



**«Қазақстан Республикасының «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңына сәйкес өмірлік қиын жағдайда қалған балаларға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтердің мемлекеттік стандарттарымен таныссыз ба?» № 12 сұрақ бойынша респонденттердің жауаптары төмендегідей ретте болды:**

### 12. Қазақстан Республикасының «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңына сәйкес өмірлік қиын жағдайда қалған балаларға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтердің мемлекеттік стандарттарымен таныссыз ба?


158 ответов



**«Заңнамамызға сәйкес білім алушылар, тәрбиеленушілер және мемлекеттік, қоғамдық ұйымдар мен әлеуметтік қызметтер арасындағы байланысты қамтамасыз ету барысында белгілі бір сұрақтар туындай ма?» деп белгіленген № 13 сауалға мұғалімдер қауымы нақты жауаптар берді.**

13. Заңнамамызға сәйкес білім алушылар, тәрбиеленушілер және мемлекеттік, қоғамдық ұйымдар мен әлеуметтік қызметтер арасындағы байланысты қамтамасыз ету барысында белгілі бір сұрақтар туындай ма?


158 ответов



*«Сіздің ойыңызша білім мен қызмет алушылар, тәрбиеленушілер және ұйым, отбасы, орта, әртүрлі әлеуметтік қызметтердің, ведомстволар мен әкімшілік органдардың мамандары арасында делдал болу кезінде заңнамалық база бойынша біліміңіз бен құзыреттілігіңіз жеткілікті ме?»* деген № 14 сұраққа жауаптар мынадай болды:

14. Сіздің ойыңызша білім мен қызмет алушылар, тәрбиеленушілер және ұйым, отбасы, орта, әртүрлі әлеуметтік қызметтердің, ведомстволар мен әкімшілік органдардың мамандары арасында делдал болу кезінде заңнамалық база бойынша біліміңіз бен құзыреттілігіңіз жеткілікті ме?


158 ответов



*«Әріптестер, педагогтар, басқа саланың мамандары, ата-аналар, заңды өкілдер және өзге де мүдделі тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау барысында кез келген әрекеттердің алгоритмін жасауға тырысасыз ба?»* деп сұрағанда педагогтардың көпшілігі «иә» деді.

15. Әріптестер, педагогтар, басқа саланың мамандары, ата-аналар, заңды өкілдер және өзге де мүдделі тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау барысында кез келген әрекеттердің алгоритмін жасауға тырысасыз ба?


158 ответов



«Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар, мүмкіндіктері шектеулі және/немесе мүгедектігі бар балалардың ата-аналарын ақпараттандыруды қамтамасыз ету барысында Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңдары, т.б. НҚА бар әлеуметтік көмек, жәрдемақылар, арнайы әлеуметтік қызметтер т.с.с. қолдау бойынша ақпаратты толыққанды бересіз бе?» деген № 16 сауалға жауаптар мынадай тізбекте болды:

16. Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар, мүмкіндіктері шектеулі және/немесе мүгедектігі бар балалардың ата-аналарын ақпараттандыруды қамтамасыз ету барысында Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңдары, т.б. НҚА бар әлеуметтік көмек, жәрдемақылар, арнайы әлеуметтік қызметтер т.с.с. қолдау бойынша ақпаратты толыққанды бересіз бе?


158 ответов



«Кәсіби қажеттіліктер» блогына жататын «Маман ретінде қандай көмек түріне қажеттілікті ерекше атап өте аласыз?» деген сауалнаманың № 17 сұрағы бойынша респонденттердің жауаптары төмендегідей ретте болды:

### 17. Маман ретінде қандай көмек түріне қажеттілікті ерекше атап өте аласыз?

158 ответов



Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар, мүмкіндіктері шектеулі және/немесе мүгедектігі бар балалардың ата-аналарын ақпараттандыруды қамтамасыз ететін әлеуметтік педагогтардың арасында жүргізілген сауалнама негізінде біздің сала мамандарына қызметтері нәтижелі және қолдау қызметі табысты болуы үшін тағы да қандай ресурстар мен әдістемелік көмек керек екенін талданған сауалнама барысында анықтай алдық. Болашақта осы санаттағы мамандар мен педагогтар арасында ұйымдастырып, өткізетін семинарлар, тренингтер, «дөңгелек үстелдер», біліктілікті арттыру курстары т.б. шаралар барысында қандай мәселелер мен жағдайларға ерекше назар аударытынымызды өзімізге белгілеп алдық.

## **Қорытынды**

Ағымдағы жылы еліміздің Әлеуметтік Кодексіне енген ұсыныстарымды беріп, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қызметкерлері және жауапты мамандарымен жұмыс жасап, Қазақстан Парламентінің Сенатында болған талқылауларға қатысып, пікір білдірдім.

2023 жылғы ақпан айының 23-нде Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінде **«Жоғары инклюзивті білім беру: кедергілер, үдерістер, мүмкіндіктер»** атты республикалық дөңгелек үстел жұмысына қатысып, **«Инклюзивті білім берудің заңнамалық негіздері және еліміздегі қазіргі жағдайы»** тақырыбында баяндама жасадым. Дөңгелек үстел шеңберінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды қолдау және жоғары мектепте инклюзивті білім берудің қолжетімділігі мәселелері бойынша Жол картасын талқылау барысында өз пікірімді білдірдім.

Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасына сәйкес Жайлы мектеп құру бойынша жоба аясында жұмыс жасап, «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар ұсындым.

Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді көмек көрсетуді жетілдіру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған Жол картасын жүзеге асыру мәселелері жөніндегі мониторингтік топ басшысының орынбасары ретінде өңірлерге іссапармен шығып, мүмкіндігі шектеулі балалардың медициналық, оңалту, әлеуметтік және білім беру қызметтерін алу құқықтарының сақталу мониторингін жүргізуге ат салыстым.

Жыл бойы «Азамат әлеуеті» Жеке Қайырымдылық Қорының Президенті ретінде түрлі санаттағы балалардың ата-аналары, заңды өкілдері мен басқа да мүдделі тұлғаларға Әдістемелік нұсқауда талқыланған халықаралық құжаттар мен отандық заңнама аясында заңгерлік кеңес беріп, ақпараттық қолдау көрсеттім.



## Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. 1948 жылғы желтоқсанның 10-нда қабылданған Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы.
2. 1960 жылғы желтоқсанның 14-нде бекітілген Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы Конвенция.
3. 1971 жылғы желтоқсанның 20-нда қабылданған Ақыл-есі кем тұлғалардың құқықтары туралы Декларация.
4. 1975 жылғы желтоқсанның 9-нда бекітілген Мүгедектер құқықтары туралы Декларация.
5. 1989 жылғы қарашаның 20-нда Нью-Йоркте қабылданған Бала құқықтары туралы Конвенция.
6. 2006 жылғы желтоқсанның 13-нде Нью-Йоркте бекітілген Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенция.
7. 1990 жылғы қыркүйектің 30-нда Нью-Йоркте қабылданған Балалардың өмір сүруі, қорғанысы мен дамуын қамтамасыз ету туралы дүниежүзілік Декларация.
8. Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Кодексі.
9. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек туралы Кодексі.
10. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексі.
11. Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Кодексі.
12. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексі.
13. Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII Әлеуметтік Кодексі.
14. Қазақстан Республикасының 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Ата Заңы – Конституциясы.
15. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы шілденің 27-ндегі «Білім туралы» № 319 Заңы.
16. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы тамыздың 8-ндегі «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» № 345 Заңы.

17. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы шілденің 11-ндегі «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» № 343 Заңы.
18. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы сәуірдің 13-ндегі «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» № 39 Заңы.
19. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы желтоқсанның 29-ндағы «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» № 114-IV Заңы.
20. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 маусымдағы «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» № 63 Заңы.
21. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 20 ақпандағы «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы» № 288-V Заңы.
22. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 3 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектердің құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 433-V Заңы.
23. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 мамырдағы «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі Ұлттық жоспар» атты № 326 қаулысы.
24. Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 12 қазандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 67-VII Заңы.
25. Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 27 маусымдағы «Қазақстан Республикасының 76 заңнамалық актісіне өзгерістер енгізуді көздейтін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 129-VII Заңы.
26. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 19 мамырдағы «Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» № 314-V Заңы.
27. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді көмек көрсетуді жетілдіру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы 2020 жылғы 17 тамыздағы № 112-ө өкімі.
28. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Ағза қызметінің Халықаралық Жіктемесі.
29. Сейсенова А.Д. Арнайы және инклюзивті білім беру салаларындағы ресми атаулар мен олардың қазақ және орыс тілдеріндегі баламалары». – Алматы АИБД ҰҒПО, 2022. – 65 б.

30. Сейсенова А.Д. «Арнайы және инклюзивті білім беру салаларында ұғымдық аппаратты қолдану мәселелері»//«Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» РММ-нің 30-жылдығына орай «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқу процессіне енгізу: тарихы, мәселелері және даму болашағы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының ғылыми жинағы, 550-555 бб. – Алматы, 2022 жылдың қазан айының 27-28-і.

31. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы маусымның 26-ндағы Қазақстан Республикасының № 56-VII Заңы.

32. «Қазақстандық отбасылар-2022» ұлттық баяндамасы/Ә.С. Кайдарова, Ж.С. Батгалова, О.В. Николаева, Ғ.Қ. Байболатова, Б.Қ. Ермекбаева, Ә.А. Оразбаева, Т.А. Резвушкина, Қ.А. Жарова, А.Ж. Қойшығарин, Ш.Ә. Турез, Т.А. Липина, А.И. Досмұхамбетова – Астана қ.: 2022. – 300 б.

## ҚОСЫМШАЛАР

№ 1 Қосымша

### Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді көмек көрсетуді жетілдіру жөніндегі 2021 - 2023 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 17 тамыздағы № 112-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді көмек көрсетуді жетілдіру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған жол картасы (бұдан әрі – Жол картасы) бекітілсін.

2. Жол картасын орындауға жауапты Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдар (келісу бойынша):

1) Жол картасында көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) жыл сайын, есепті жылдан кейінгі 10 қаңтардан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне Жол картасының іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі есепті жылдан кейінгі 25 қаңтардан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жол картасының іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

*А. Мамин*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2020 жылғы 17 тамыздағы  
№ 112-ө өкімімен  
бекітілген

### Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді көмек көрсетуді жетілдіру жөніндегі 2021 – 2023 жылдарға арналған

#### ЖОЛ КАРТАСЫ

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6
1. Мүгедектік профилактикасы және ерте түзету-дамыту көмегі жүйесін ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар					
1.	Мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуындағы бұзылуды ерте анықтау және ерте түзету-дамыту мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің іске асырылу мониторингін қамтамасыз ету	ақпарат	ДСМ, БҒМ, ЖАО	жыл сайын	талап етілмейді
2.	"Скринингті ұйымдастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 9 қыркүйектегі № 704 бұйрығының іске асырылу мониторингін қамтамасыз ету	ақпарат	ДСМ, БҒМ, ЖАО	жыл сайын	талап етілмейді
3.	Өңірлік психикалық денсаулық орталықтарының, медициналық-әлеуметтік мекемелердің күндізгі стационарларының, медициналық-әлеуметтік мекемелер жанындағы күндіз болу орталықтарының	ақпарат	ДСМ, Еңбекмині, ЖАО	2021 жыл	талап етілмейді

	жұмыс істеу мониторингін қамтамасыз ету				
4.	Балалардың психикалық денсаулығын сақтау қызметінің, МӘМ-нің, МӘМ жанындағы күндіз болу орталықтарының қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерге талдау жүргізу	талдау	ДСМ, Еңбекмині, ҰЕҰ (келісу бойынша)	2021 жыл	талап етілмейді
5.	Балаларға кешенді көмек көрсетуді жетілдіру жөніндегі жобалық офис құру мәселесін пысықтау	ақпарат	БҒМ, Еңбекмині, ДСМ	2021 жылғы 1-тоқсан	талап етілмейді
6.	Балаларда профилактикалық медициналық (скринингтік) қарап-тексерулер жүргізу кезінде дамуында бұзылуларды қамтуды және ерте анықтауды қамтамасыз ету	есеп	ЖАО	жыл сайын	ЖБ бөлінген қаражаты шеңберінде
7.	"Скринингті ұйымдастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 9 қыркүйектегі № 704 бұйрығына аудиологиялық, психофизикалық скринингтерді қайта қарау, тұқым қуалайтын алмасу ауруларына жаңа туған нәрестелердің постнаталды селективті скринингін енгізу, дамуы бұзылған, кенжелеп қалған және кенжелеп қалуы ықтимал балалар бойынша МСАК пен ПМПК сабақтастығын, ПМПК-ге деректерді ұсыну кезектілігі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу	бұйрық	ДСМ, ЖАО, БҒМ,	2021 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді
8.	Аудиологиялық скрининг нәтижелерін мониторингтеу және сүйемелдеу орталығын (Трекинг орталық) құру мәселесін пысықтау	ұсыныстар	ДСМ	2021 жылғы 1-тоқсан	талап етілмейді
9.	Босандыру ұйымдарын және МСАК-ты аудиологиялық және психофизикалық скринингтерді жүргізуге арналған жабдықтармен қамтамасыз ету	қабылдап алу-беру актілері	ЖАО	жыл сайын	ЖБ бөлінген қаражаты шеңберінде
10.	Жұмыс істеп тұрған баланы дамыту кабинеттерінің қызметіне талдау жүргізу	талдау	ДСМ, ЖАО	2021 жылғы 1-тоқсан	талап етілмейді
11.	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 29 қаңтардағы № 1027 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында педиатриялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартына сәйкес баланы дамыту кабинетінің жұмысын қамтамасыз ету	ақпарат	ДСМ, ЖАО	жыл сайын	талап етілмейді
12.	"Қазақстан Республикасында педиатриялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 29 қаңтардағы № 1027 бұйрығына баланы дамыту кабинеттерінің қызметін ұйымдастыру, баланы дамыту кабинеті мамандарының функционалдық міндеттері,	бұйрық	ДСМ	2021 жылғы 3-тоқсан	талап етілмейді

	сәбилер үшін аутизмге түрлендірілген скринингтік тест (The Modified Checklist for Autism in Toddlers) енгізу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу (M-CHAT); Robins, Fein, Barton, 1999)				
13.	"Денсаулық сақтау ұйымдарының үлгі штаттары мен штат нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 238 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселені пысықтау	ұсыныстар	ДСМ	2021 жылғы 1-тоқсан	талап етілмейді
14.	Ақыл-ой кемістігімен және стереотиптік қозғалыстармен ұштасатын "Балалар аутизмі", "Аспергер синдромы", "Атиптік аутизм", "Типеративтік бұзылулар", "Басталуы балаларға тән эмоционалдық бұзылулар" клиникалық хаттамаларын әзірлеу және бекіту	клиникалық хаттама	ДСМ	2021 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді
15.	"Психологиялық дамудың жалпы бұзылуы" (АХЖ 10 бойынша F-84) нозологиясы бойынша балалардағы алғашқы сырқаттанушылыққа талдау жүргізу (2008 – 2019 жылдар), ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу	талдау	ДСМ	2021 жылғы 1-тоқсан	талап етілмейді
<b>2.Оңалту қызметтерін ұйымдастыруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар</b>					
16.	"Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына ведомствоаралық өзара іс-қимыл бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін ұсыныстар әзірлеу	ұсыныстар	Еңбекмині, БҒМ, ДСМ	2021 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді
17.	"Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына мүмкіндігі шектеулі балалардың оқу орнын ұйымдастыру үшін кеңістікте дамыту ортасын құру жөніндегі жабдықтармен, жеке орнын толтырушы, қосалқы, техникалық құралдармен қамтамасыз ету бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу	бұйрық	БҒМ	2021 жылғы 1-тоқсан	талап етілмейді
18.	Пациентті оңалтудың жеке бағдарламасының медициналық бөлігінде көрсетілген мультидисциплиналық топтың қорытындысы негізінде балаларға техникалық оңалту құралдарын беру тәртібі бойынша ұсыныстар беру	ұсыныстар	ДСМ, БҒМ, Еңбекмині	2021 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді

19.	МӘМС шеңберінде уақтылы ауыстыруды қоса алғанда, есту протезін салу, оның ішінде есту аппараттарымен сөйлеу (аудио) процессорларымен қамтамасыз ету мәселесін пысықтау	ұсыныстар	ДСМ	2021 жылғы 1-тоқсан	талап етілмейді
20.	Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтерді ресімдеу кезінде ПМПК қорытындысын ұсыну қажеттілігі мәселесін пысықтау	ұсыныстар	Еңбекмині, БҒМ	2021 жылғы 1-тоқсан	талап етілмейді
21.	Дәрігердің және арнайы педагогтердің ұсынымдарын орындамағаны үшін ата-аналардың немесе балалардың заңды өкілдерінің ортақ жауапкершілігі мәселесін пысықтау	ұсыныстар	БҒМ, Еңбекмині, ДСМ	2021 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді
22.	Өмір бойы үздіксіз сүйемелдеу үшін мүмкіндігі шектеулі балалардың бірыңғай қазақстандық тіркелімін құру, енгізу мәселесін пысықтау	ұсыныстар	ДСМ, Еңбекмині, БҒМ	2021 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді
23.	Арнайы білім беру ұйымдарының (психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері, республикалық орталықтар, арнайы мектептер, балабақшалар), денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау оналту орталықтарының желісін кеңейту жоспарын әзірлеу және бекіту	жоспар	БҒМ, ДСМ, Еңбекмині, ЖАО	2021 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді
24.	Халықтың қажеттілігі мен тығыздығына қарай ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған медициналық, әлеуметтік-педагогикалық оналту, психологиялық және медициналық-педагогикалық консультациялар орталықтарын (бөлімшелерін) кезең-кезеңмен ашуды қамтамасыз ету	ақпарат	БҒМ, ДСМ, ЖАО	2021 – 2023 жылдар	ЖБ бөлінген қаражаты шеңберінде
25.	«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес арнайы білім беру ұйымдарын, сондай-ақ күндіз және тәулік бойы болу орталықтарын материалдық-техникалық жарақтандыруды қамтамасыз ету	қабылдап алу-беру актілері	ЖАО	2021 – 2023 жылдар	ЖБ бөлінген қаражаты шеңберінде
26.	Жарақтандыру нормативіне сәйкес балаларды оналту орталықтарын, қалпына келтіру емі мен медициналық оналту бөлімшелерін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету	қабылдап алу-беру актілері	ЖАО	2021 – 2023 жылдар	ЖБ бөлінген қаражаты шеңберінде
27.7.	Қажетті жабдықтармен жабдықталған, оның ішінде есту функциясын терең зерттеп-қарау үшін сурдолог дәрігерлермен қамтамасыз етілген денсаулық сақтау	ақпарат	ЖАО	2021 – 2023 жылдар	ЖБ бөлінген қаражаты шеңберінде

	ұйымдарының базасында сурдологиялық кабинеттер ашуды қамтамасыз ету				
28.	ТМККК және МӘМС шеңберінде сурдологиялық зерттеп-қарау және есту-протездеу қызметтерін көрсету бойынша тарифтерге өзгерістер енгізу мәселесін пысықтау	ұсыныстар	ДСМ	2021 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді
29.	Естудің нашарлығы деңгейін ескере отырып, АХЖ 10 коды бойынша нозологияларды ақпараттық жүйеге енгізу мәселесін пысықтау	ұсыныстар	ДСМ	2021 жылғы 3-тоқсан	талап етілмейді
30.	Халықтық әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартын қайта қарау	ұсыныстар	Еңбекмині, ЖАО, ҰЕҰ (келісу бойынша)	2021 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді
31.	Өңірге, ұйымдардың меншік нысанына қарамастан нозология мен санатқа сәйкес: 1) тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар; 2) психоневрологиялық бұзылуы бар балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтерді жан басына қаржыландыру нормативін енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу	әдістемелік ұсынымдар	Еңбекмині, ЖАО, ҰЕҰ (келісу бойынша)	2021 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді
32.	Алматы қаласында «Орталық нерв жүйесі зақымданған тәуекел тобындағы балаларды ерте анықтау және ведомстволарлық өзара іс-қимыл шеңберінде оларды оңалту» тақырыбы бойынша пилоттық жоба енгізу	есеп	Алматы қаласының әкімдігі	2021 жылдың 2-жартыжылдығы, 2022 жылғы желтоқсан	ЖБ бөлінген қаражаты шеңберінде
33.	Жұмыс істеудің халықаралық сыныптамасын енгізу жолымен оңалту қызметін одан әрі жетілдіруді қамтамасыз ету	ақпарат	ДСМ, Еңбекмині, БҒМ, ҰЕҰ (келісу бойынша)	2021 жыл	талап етілмейді
34.	Жұмыс тобын құру және мүмкіндігі шектеулі балалардың медициналық, оңалту, әлеуметтік көмек және білім беру қызметтерін алу құқықтарының сақталу мониторингін жүргізу	ақпарат	ДСМ, БҒМ, Еңбекмині, ҰЕҰ (келісу бойынша)	2021 жыл	талап етілмейді
3.Есепке алу және арнайы техникалық құралдармен, дәрілік және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар					
35.	Церебралды сал ауруы бар және есту, көру қабілеті бұзылған науқастарды есепке алу бойынша ДСМ ақпараттық жүйелерін пысықтау	ақпарат	ДСМ	2021 жыл	талап етілмейді
36.	Буллезді эпидермолизбен ауыратын балаларды медициналық бұйымдармен (таңу материалымен) қамтамасыз ету	ДСМ-ге ақпарат	ЖАО, ҰЕҰ (келісу бойынша)	2021 – 2023 жылдар	ЖБ бөлінген қаражаты шеңберінде
37.	Целиакиямен ауыратын балаларды глютенсіз арнайы емдеу өнімдерімен қамтамасыз ету мәселесін пысықтау	ДСМ-ге ұсыныстар	ЖАО, ҰЕҰ (келісу бойынша)	2021 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді
38.	Аурулардың барлық түрлері бойынша,	ақпарат	ДСМ, ҰЕҰ	жыл сайын	ТМККК және



	оның ішінде орфандық аурулар бойынша балаларды амбулаториялық қамтамасыз ету үшін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін кеңейту мәселесін пысықтау		(келісу бойынша)		МӘМС шеңберінде
39.	Операциядан кейінгі кезеңде көмей стенозымен ауыратын балаларды шығыс материалдарымен қамтамасыз ету	ақпарат	ЖАО, YEY (келісу бойынша)	жыл сайын	ЖБ бөлінген қаражат шеңберінде
40.	Мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес өңірлер бөлінісінде қамтамасыз етілу мониторингін жүргізе отырып, церебралды сал ауруымен ауыратын балаларды техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз ету	ақпарат	ЖАО	жыл сайын	РБ бөлінген қаражаты шеңберінде
4.Кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шаралар					
41.	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу үшін арнайы білімі (дефектология) жоқ педагогтерді арнайы педагогика бойынша қайта даярлау мәселесін пысықтау	ұсыныстар	БҒМ	2021 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді
42.	Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істейтін мамандар (пән мұғалімдері, педагог ассистенттері, әлеуметтік педагог, психолог) үшін біліктілік талаптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстарды пысықтау	ұсыныстар	БҒМ, ДСМ, YEY (келісу бойынша)	2021 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді
43.	МСАК басшыларын, мамандарын баланы дамыту кабинеттерінің қызметін ұйымдастыру және ұстау мәселелері бойынша оқыту	есеп	ЖАО	2021 – 2023 жылдар	ЖБ бөлінген қаражаты шеңберінде
44.	Сурдолог дәрігерлердің есту қызметін диагностикалау әдістеріне біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету. Оториноларинголог дәрігерлерді, сурдологтарды (аудиологтарды) қайта даярлау	есеп	ЖАО	2021 – 2023 жылдар	ЖБ бөлінген қаражаты шеңберінде
45.	МСАК медициналық ұйымдарында мультидисциплиналық команда құру үшін МСАК дәрігерлерін (ЖПД, педиатр, балалар неврологы, офтальмолог, хирург, оториноларинголог, кардиолог, орта медициналық персонал) орфандық ауруларды диагностикалау және емдеу мәселелері бойынша оқыту: буллезді эпидермолиз, мукополисахаридоз, жетілмеген остеогенез, муковисцидоз, Крон ауруы, Дюшеннің бұлшықет дистрофиясы, жұлын бұлшықет атрофиясы, сфинголипидоздар, GLUT1, целиакия	есеп	ЖАО	2021 – 2023 жылдар	ЖБ бөлінген қаражаты шеңберінде
46.	Стационар дәрігерлерін (балалар офтальмологын) ретинопатиясы бар балаларды диагностикалау мен емдеуді	есеп	ЖАО	2021 – 2023 жылдар	ЖБ бөлінген қаражат шеңберінде

	жетілдіру мәселелеріне үйрету				
47.	Баланы дамыту кабинеті, оңалту орталықтары, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері, арнайы білім беру мекемелері (балабақшалар мен мектептер) деңгейінде ата-аналарды оқыту бағдарламаларын (CST-Caregiver Skills Training) енгізу мәселесін пысықтау	ұсыныстар	ДСМ, БҒМ, YEҰ (келісу бойынша)	2021 жыл	талап етілмейді
48.	МСАК мамандарын (ЖПД, педиатрлар, балалар невропатологтары, баланы дамыту кабинеттерінің мейіргерлері, психиатр дәрігерлер, психотерапевтер, психологтар, әлеуметтік қызметкерлер) «Балалардағы аутизм белгілерін ерте анықтау мәселелері. Диагностикалық скрининг» тақырыбы бойынша оқыту	есеп	ЖАО, YEҰ (келісу бойынша)	2021 – 2023 жылдар	ЖБ бөлінген қаражаты шеңберінде
49.	Даму ерекшеліктері бар балаларға төзімділікті қалыптастыру мақсатында барлық медициналық ұйымдарда аутизм мәселесі, АСБ-мен ауыратын балалардың мінез-құлық ерекшеліктері туралы халықты жаппай хабардар ету бойынша іс-шаралар ұйымдастыру (буклеттер, брошюралар, парақшалар)	ақпарат	ЖАО, YEҰ (келісу бойынша)	2021 – 2023 жылдар	ЖБ бөлінген қаражаты шеңберінде
50.	АСБ бойынша мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін мамандарды (балалар психиатры, сурдолог, бейімделген дене шынықтыру жөніндегі маман, дәрігер-кинезиолог, әлеуметтік қызметкер) оқыту мәселесін пысықтау	ұсыныстар	ДСМ, БҒМ, ЖАО, YEҰ (келісу бойынша)	2022 жылғы 1-тоқсан	талап етілмейді
51.	Медициналық-әлеуметтік сараптаманың барлық мамандарын, әлеуметтік қызметкерлерді, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан оңалту орталықтарында мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс істейтін мамандарды жұмыс істеудің халықаралық сыныптамасының өлшемшарттарын және GMFCS бағалау бойынша оқыту мәселесін пысықтау	ҚР Үкіметіне ақпарат	ДСМ, Еңбекмині, БҒМ, ЖАО	2022 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді
52.	Балаларды диагностикалау және емдеу мәселелері, импорт алмастыратын операциялар, аурулардың әртүрлі спектрлері(кардиохирургия, травматология, нейрохирургия, трансплантология, оториноларингология, офтальмология) бойынша әдістер мен технологиялар бойынша оқыту семинарларын, шеберлік сыныптарын, конференциялар өткізуді қамтамасыз ету	семинар, шеберлік сыныптары, конференция	ЖАО, YEҰ (келісу бойынша)	2021 – 2023 жылдар	ЖБ бөлінген қаражаты шеңберінде
53.	Мамандарды церебралды сал ауруы және нервтік-психикалық аурулары бар	есеп	ЖАО, YEҰ (келісу бойынша)	2021 – 2023 жылдар	ЖБ бөлінген қаражаты

	балаларды оңалтудың қазіргі заманғы тәсілдері мәселелері бойынша оқыту		бойынша)		шеңберінде
54.	МСАК медицина қызметкерлерін (ЖПД, педиатр, хирург және орта медициналық персонал) көмей стенозымен ауыратын балаларды диагностикалау және емдеу мәселелері бойынша оқыту	есеп	ЖАО, ЖАО, ҰЕҰ (келісу бойынша)	2021 – 2023 жылдар	ЖБ бөлінген қаражаты шеңберінде
55.	Өңірлерде жұмысқа орналастыру үшін "Офтальмология, оның ішінде балалар офтальмологиясы" мамандығы бойынша резидентура мамандарын өткізу мәселесін қарау	ұсыныстар	ДСМ, ЖАО, ҰЕҰ (келісу бойынша)	2022 жылғы 1-тоқсан	ЖБ бөлінген қаражаты шеңберінде
5. Глютенсіз тамақ өнімдерін енгізу жөніндегі іс-шаралар					
56.	Қазақстан Республикасында глютенсіз тамақ өнімдерін өндіруді ұйымдастыру мәселесін пысықтау	ДСМ-ге ақпарат	АШМ, ЖАО, "Kazakh Invest" ҰК" АҚ келісу бойынша)	2021 – 2023 жылдар	талап етілмейді

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АСБ – аутистік спектрдің бұзылуы;

АХЖ – аурулардың халықаралық жіктемесі;

АШМ – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі;

БҒМ – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі;

ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;

Еңбекмині – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар;

ЖБ – жергілікті бюджет;

ЖПД – жалпы практика дәрігері;

МӘМ – медициналық-әлеуметтік мекемелер;

МӘМС – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру;

МСАК – медициналық-санитариялық алғашқы көмек;

ПМПК – психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация;

РБ – республикалық бюджет;

ТМККК – тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі;

ҰЕҰ – үкіметтік емес ұйымдар;

"Kazakh Invest" ҰК" АҚ – "Kazakh Invest" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы.

1. Сіз еліміздің қай облысы, қаласы, ауданында орналасқан арнайы білім беру ұйымы (ПМПК, ППТК) әлеуметтік педагогысыз?

Абай облысы

Алматы облысы

Ақтөбе облысы

Ақмола облысы

Атырау облысы

Батыс-Қазақстан облысы

Жамбыл облысы

Жетісу облысы

Қарағанды облысы

Қостанай облысы

Қызылорда облысы

Маңғыстау облысы

Павлодар облысы

Солтүстік-Қазақстан облысы

Түркістан облысы

Ұлытау облысы

Шығыс-Қазақстан облысы

Алматы қаласы

Астана қаласы

Шымкент қаласы

Басқалары \_\_\_\_\_ .

2. Қандай лауазымда қызмет етесіз?

ПМПК-ның әлеуметтік педагогы;

ППТК-ның әлеуметтік педагогы;

ПМПК-ның психологы;

ППТК-ның психологы;

Басқа қызметкер.

3. Педагогикалық қызметіңіздің жұмыс өтілі қанша жыл?

бір жыл;

үш жылға дейін;

бес жылға дейін;

он жылға дейін;

он бес жылға дейін;

жиырма жылға дейін;

20 жылдан аса \_\_\_\_\_ .

4. Негізгі мамандығыңыз бойынша кімсіз?

Әлеуметтік педагог;

Арнайы педагог;

Психолог;

Пән мұғалімі \_\_\_\_\_ .

Басқасы \_\_\_\_\_ .

5. «Әлеуметтік педагог» мамандығы бойынша біліміңіз бар ма?

иә;

жоқ;

орта арнайы кәсіби білімім бар;

жоғары білім алудамын.

6. «Әлеуметтік педагог» мамандығы бойынша біліктілікті көтеру курстары не тренингтерден өтіп пе едіңіз?

Иә;

Жоқ.

7. Жеке тұлғаның психологиялық-медициналық-педагогикалық ерекшеліктерін және оның шағын ортасын, өмір сүру жағдайларын зерделеу барысында қиындықтар туындай ма, бар болса қандай?

Жоқ;

Иә, \_\_\_\_\_ .

8. Білім мен қызмет алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке басының құқықтары мен бостандықтарын іске асыруда әлеуметтік қорғау және әлеуметтік көмек бойынша сұрақтар бола ма?

Жоқ;

Қандай жауап беруімді білмей отырмын;

Иә, \_\_\_\_\_ .

9. Қызмет алушылардың ата-аналары, заңды өкілдері және өзге де мүдделі тұлғалармен байланысып, өзара іс-қимыл жасайсыздар ма?

Жоқ;

Иә, \_\_\_\_\_ .

10. Қызмет алушыларға әлеуметтік көмек пен қолдауды уақтылы және сапалы көрсету барысында қандай нормативтік-құқықтық актілер мен заңнама нормаларын негізге аласыз?

Қазақстан Республикасының Конституциясы;

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;

ҚР-ның «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Заңы;

ҚР-ның «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңы;

ҚР-ның «Кемтар балаларды әлеуметтік медициналық-педагогикалық және түзеу арқылы қолдау туралы» Заңы;

Басқа НҚА \_\_\_\_\_ .

11. Кәсіби қызметіңіз барысында қандай қиындықтар туындауда?

Заңнамалық нормаларды жүзеге асыру;

Әлеуметтік сала басшылары және өкілдерімен байланыс орнату;

Денсаулық сақтау саласындағы ережелер мен тәртіптің өзгешелігі;

Ведомствоаралық байланыс пен өзара қарым-қатынастың болмағандығы;

Ата-ана мен өзге заңды өкілдердің өзара ынтымақтастыққа дайын болмауы.

12. Қазақстан Республикасының «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңына сәйкес өмірлік қиын жағдайда қалған балаларға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтердің мемлекеттік стандарттарымен таныссыз ба?

Жоқ;

Иә, \_\_\_\_\_ .

13. Заңнамамызға сәйкес білім алушылар, тәрбиеленушілер және мемлекеттік, қоғамдық ұйымдар мен әлеуметтік қызметтер арасындағы байланысты қамтамасыз ету барысында белгілі бір сұрақтар туындай ма?

Жоқ;

Иә, \_\_\_\_\_ .

14. Сіздің ойыңызша білім мен қызмет алушылар, тәрбиеленушілер және ұйым, отбасы, орта, әртүрлі әлеуметтік қызметтердің, ведомстволар мен әкімшілік органдардың мамандары арасында делдал болу кезінде заңнамалық база бойынша біліміңіз бен құзыреттілігіңіз жеткілікті ме?

Иә;

Қандай жауап беруімді білмей отырмын;

Жоқ, \_\_\_\_\_ .

15. Әріптестер, педагогтар, басқа саланың мамандары, ата-аналар, заңды өкілдер және өзге де мүдделі тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау барысында кез келген әрекеттердің алгоритмін жасауға тырысасыз ба?

Жоқ;

Иә, \_\_\_\_\_ .

16. Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар, мүмкіндіктері шектеулі және/немесе мүгедектігі бар балалардың ата-аналарын ақпараттандыруды қамтамасыз ету барысында Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі, Қазақстан Республикасының «Білім туралы, «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңдары т.б. НҚА-да бар әлеуметтік көмек, жәрдемақылар, арнайы әлеуметтік қызметтер т.с.с. қолдау бойынша ақпаратты толыққанды бересіз бе?

Иә;

Қандай жауап беруімді білмей отырмын;

Жоқ, \_\_\_\_\_ .

17. Маман ретінде қандай көмек түріне қажеттілікті ерекше атап өте аласыз?

біліктілікті арттыру курстары;

түрлі деңгейдегі семинарлар;

тәжірибе бөлісу мақсатындағы сабақтар;

жеке кеңес алу;

вебинарлар;

басқалары \_\_\_\_\_ .